Mentor
әдістемелік орталығы

"MENTOR"
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

«Үздік қалам»



республикалық ғылыми-танымдық
әдістемелік журналы

№7(4)
2024

Ақтөбе қаласы

МАЗМҰНЫ/CONTENT/СОДЕРЖАНИЕ

Кумаргалиева Айсауле Сагидоллина 4
Акжолова Лаззат Жуматаевна 6
Арыкова Айнагуль Конимкосовна 9
Атажанова Мөлдір Зиноллақызы 11
Байдекешова Нурбиби Кайыржановна 14
Байназарова Айгерим Сейтказиевна 16
Байрамова Света Джиенгалиевна 20
Бакенова Г.А., Жұмабаев Б.С. 23
Балжигитова Жанна Жарасовна 25
Бекмагамбетова Ания Муратовна 27
Бекмагамбетова Гульмира Муратовна 29
Аймаганбетов Б.Н., Жұмабаев Б.С. 32
Бәйдекеш Н.Қ., Жұмабаев Б.С. 33
Дамирова Лариса Владимировна 35
Досмагамбетова Айгүл Габбасовна 40
Ешекенова Шынар Сагынаевна 43
Кадыров Ж.Б., Досмуратов К.С., ... 45
Жаңаберген Бекманат Нұрыллақызы 47
Ибраһимова Ақсәуле Ибраһимқызы 49
Ихсан Б.А., Аяпбергенова Қ.Н. 51
Каржаупова Жания Абдуллаевна 55
Касымова Гульжан Ахатовна 57
Жумабаева Нурзиля Суелхановна 59
Мамбетова Нұрсилаш Кенжеғұлқызы 62
Мусина Самал Орынбасаровна 64
Назарова Люда Орынбасарқызы 66
Nurgalieva Aigul Orazbaganbetkyzy 68
Нурпейсова Акбота Калинбергеновна 70
Нұрғалиева Фариза Нұрлыбекқызы 72
Алмагамбетова А.А., Пятышева О.В. 75
Сандыбаева Жулдыз Сериккызы 79
Смайлова Аққенже Жылқыбайқызы 81
Сопанова Гульсара Жетеуовна 83
Сугурбаева Акмарал Сагинбаевна, ... 84
Төлеу Майра Самалқызы 88
Туркпенбаева Салтанат Алибеккызы 90
Шиналиеаа Джемиле Джаксиликовна 93
Абдильдаева Г.Л., Конакова Г.М. 96
Аққошқарова Бибігүл Құрлысқызы 100
Бисұлтанова Зина Ерсайынқызы 103
Шынтеміров Данияр Махамбетұлы 106
Ешекенова Шынар Сагынаевна 108
Байгараева Шынар Раймкуловна 111
Қуандық Гүлдана Алтынбайқызы 113
Какимгалиева Лиза Тилеккабыловна 117
Мамбеткереева Асем Нуралыевна 118
Махлиева Анаргуль Ерсайыновна 120
Рысмамбетова Зарина Сарсембаевна 123
Ермекова Самал Сағынбайқызы 125
Усенбаева Айнур Онгарбаевна 127
Хайрманова Элеонора Оразалықызы 128
Шудабаева Сулушаш Кыдырбайқызы 131
Гумарова Гульнар Урынбаевна 133
Темирова Жанар Кенжегалиевна 140

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ ЕРЕЖЕСІ

Мақсаты: Педагогтердің ғылыми-танымдық әлеуетін дамыту.

Басылымы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою туралы № KZ49VPY00083149 куәлігі 2023 жылы 04 желтоқсанында берілген, құжатқа сәйкес 2024 жылдан бастап шығарылады.

Кезеңдік басылым: 1 жылда 24 рет, қазақ, орыс және ағылшын тілінде жарық көреді.

Журналда Қазақстан Республикасының арнайы және жоғары оқу орындары, мектепке дейінгі ұйым, ЖББОМ педагогтерінің шетелдік ғалымдар, ғылыми-зерттеу мекемелерінің ғалымдары орындайтын (орындаған) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің, эксперименттік әзірлемелердің нәтижелері, сондай-ақ ғылыми-ақпараттық материалдар және т.б. жарияланады.

ЖАУАПТЫЛАР:
Бас редактор:
Нурбергенова Сауле Турмагамбетовна
Бас редактордың орынбасары:
Жайтапова Алтынай Альбековна, п.ғ.д., профессор
Редакция алқасы:
Тихомирова Валентина Тихоновнап.ғ.к., доцент
Сулекенова Гульжан Утесиновна
Рысбеова Айнур Маратовна
Озган Мехмет
Дауметова Салтанат Турмаганбетовна
Дизайн:
Муханбедин Аружан Айбарқызы

Меншік иесі: «Mentor» әдістемелік орталығы
(Ақтөбе қаласы)
Редакцияның мекен-жайы:
Индексі-030000
Ақтөбе қаласы, А.Молдагулова даңғылы 66/2

Авторлар қолжазбасы, суреттер өңделмейді және кері қайтарылмайды.
Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді.
Журналда жарияланған материалдары көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, сілтеме жасалуы міндетті.
Журналға жинақтарыңызды kalam2025@mail.ru. почта арқылы жіберулеріңізге болады.



Кумаргалиева Айсауле Сагидоллина

БҚО
Орал қаласы
Теректі ауданы
Жайық негізгі орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ҚАЗАҚСТАН

«Еңбек етпесең, жиған білімің кәдеге жарамай жатырған минерал секілді. Оның ішін аршып, асыл кенін жарқырату үшін-еңбек керек, қол мен ой қимылы қажет.» Қ. Сәтбаев.«Ғылымға азық берер қайнар көзі-кітап бетінен, лаборатория аумағымен шектелмейді, өмірді танумен, еңбек адамының жасампаз ісін танумен кең өріс табады»-деп, ғалым, академик, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстандағы алғашқы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қаныш Сәтбаев Имантайұлының сөзінде терең мағына жатыр. Қ. Сәтбаев-тұңғыш кәсіби тау-кен инженері, ғалым-геолог, Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушы және тұңғыш президенті, Қазақстандағы алғашқы Мемлекеттік сыйлықтың лауераты, еліміздегі ғылымның негізін салушылардың бірі, мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақ даласының ұлы перзенті-Қаныш Имантайұлының елі үшін жасаған игі істері өте зор. Қаныш Сәтбаевтың ой-өрісі өте жоғары, кең ғылымның көптеген саласында энциклопедиясылық білімі бар, ғылыми қызметті шебер ұйымдастыра алатын адам ретінде-қазақстандық қоғамды ағартушылықтан интелектуалды ғылыми және кәсіби деңгейге көтергенболатын. Қ. Сәтбаев басшылығымен жасалған қадамдар халқымыздың, жастарымыз бен еліміздің бүгінгі инновациялық және ғылыми әлеуетінің іргетасын қалауы-зор еңбек еді. 1921 жылы жас маман, инженер-кенші Қаныш Сәтбаев өзінің кәсіби қызметін жергілікті кәсіби кадрлардың жоқтығына, қаржыландырудың жеткіліксіздігіне қарамастан, ағылшын концессионерлерінен мұраға қалған ғылыми-зерттеу жабдықтарында жұмыс істеуді Қарсақбай мыс кенішінде қолға алып бастап, жұмыс істеген. Өткенге көз жүгіртіп, 3жылдан соң 1930 жыл басында, оның тобымен ашылған мыс кенорындары үшін, Жезқазғанның орны қоры 2 млн тонна мыстан кем емес әлемдегі ең ірі кенорынның бірі екендігі ғылыми дәлелденді. Қ.Сәтбаевтың «Үлкен Жезқазған мәселелеріне арналған алғашқы ғылыми мақаласын жариялады. Өркениеттен мыңдаған шақырым қашықтықта орналасқан Қарсақбай кентінде Қ. Сәтбаев ғылыми фактілерді зерттеу мен талдаудың ең үздік құралдарының көмегімен өмірінің соңына дейін дәл талдау жасап, еңбек еткен. . Бұл көрсеткіштің өзі сондағы зерттелген қорлардың саны бойынша, Жезқазғанды Одақта алдыңғы орынға шақырды. Геолог-ғылым минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының академигі, Кеңес Одағының және Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтан шыққан тұңғыш академик-Қаныш Сәтбаев негізгі ғылыми еңбегін Қазақстан кен орындарының геологиясын, минералдық қорларын жасауға арнады. Ол 640-тан астам ғылыми еңбектердің авторы. Қаныш Имантайұлы-рудалы кендердің пайда болуы және олардың жер қойнауында орналасуы таралу заңдылықтарын зерттейтін Қазақстанның металлогения ғылымының негізін салушы. Қаныш Сәтбаевтың еңбек-

тері, ғылыми ізденіс жұмыстары-ғылымдағы зор жаңалықтарды енгізіп, серпіліс берді. Қазақстан геологиясы өз заманындағы биік сатыға көтерді. Халқымыздың адал перзенті Қаныш Сәтбаев Имантайұлына 1942 жылы Жезқазған жеріндегі кенді зерттеудегі зор еңбегі үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді. 1943жылы Қ. И. Сәтбаев геология ғылымындағы үздік жетістіктері үшін КСРО Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, ол 1946жылы толық мүшесі (академик) болып тағайындалды. Жезқазғанның дамуын қаржыландырудан бастап-мыс қорыту комбинатын, су қоймасы мен теміржол салу, елімізде бүгінгі Политех атымен белгілі, қазіргі «Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті» алғашқы техникалық жоғары оқу орны-«Қазақ тау-кен металлургия институтын» құруға алғы шарт, негізі болды. Мен кішкентай кезімнен, ауылда өскеннен кейін, кең дархан даланың әр тасын, әр сайын-қадірлеймін. Қаныш Сәтбаев Имантайұлы сияқты, елімнің жарқын болашағын ойлаймын. «Сен жанбасаң лапылдап, Ол жанбаса лапылдап. Мен жанбасам лапылдап, Аспан қалай ашылмақ?»-деп түрік ақыны Назым Хикмет жазғандай, мен Жаңа Қазақстанның кең даласын аралап, жаңалық ашқым келеді.«Елім менің, жерім менің.!..» деп соққан жүрегімнің арманын орындағым келеді. Даладан кейде жылтыр тастар тауып алсам, атын, қасиетін білгім келеді. Батыс Қазақстанда мұнай бар, пайдалы шикізат қоры бар, жері-құнарлы.«Қарашығанақта» ауыл адамдары еңбек етеді, мен өскенде, Жаңа Қазақстанның өркендеуі үшін-жаңа кен орындарын, мұнай көздерін тауып, зерттеймін. «Менің- Қазақстаным».

. «Бақытым бар үшінші-Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем! h
... Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай-ақ кел дағы от ал менен».

М. Мақатаев.

Менің- Тәуелсіз Қазақстаным! Менің балауса арманым-Тәуелсіз Қазақстанымның гүлденуі,әлемдегі озық елдердің қатарына қосылып,халқымның бақытты болуы! Менің арманым- Ақжайықтың кең алабын көмкеріп тұрған-көгілдір бұлттан да,таудан да биік... Көкірегімдегі ең бірінші балалық, арманым-Қазақстаным гүлденіп, жайнап, ата-мекеніміздің көгінде көк туы желбіреген, еліміздің егеменділігі, Тәуелсіздігі-мәңгілік болсын! Мен қазір, БҚО, Теректі ауданы, Жайық ауылындағы мектепте білім алып жүрмін. Орал қаласында домбыра ансамблінде қазақтың ұлттық күйлерін тартатын,өнерлі оқушымын. Ұлттық құндылықты-құрметтеймін. Отан-отбасынан басталады. Жайық ауылы-тілі-өзге, тілегі-бір, сан алуан ұлт өкілдері татутәтті тұрып жатырған, ұйымшыл ауыл. Тәуелсіз елде-бақытты халық өмір сүріп жатыр. Білімге ұмтылған, бойымда күш-жігерім бар, еліміздің-ертеңімін.

Жаңа Қазақстанның мәдени-рухани дамуына үлес қосып, халқына адал қызмет жасаған-адал азаматы, ұлы болғым келеді. Мен ауылдан, жалындаған жас жүрегімнің қалауымен, осы жоғары оқу орнына түсуге талпынамын.

Мен Тәуелсіз Қазақстанның гүлденіп, рухани-мәдени, экономикалық жағынан дамуы үшін, елім үшін-бойымдағы бар күш-жігерімді жұмсаймын. Ата-анам, елім, ұстазым менен зор үміт күтеді. Қазақстанымда тұрақтылық пен бейбітшілік мәңгілік болу үшін, экономикалық даму мен гүлденуіне-өз үлесімді қосамын.

Елімізде ғылым мен білім қарқынды дамып, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың интелектуалды ұрпақ қалыптастыру бойынша берген тапсырмасы жүзеге асады. Бірер мысал.. Орал қалалық мәдениет және демалыс саябағы (Киров атындағы саябақ)-Қазақстандағы ең ежелгі саябақ. Аталмыш саябақтың негізі-1840жылы әскери бақ ретінде қаланған. Кеңес дәуірінде ол-«С. Киров атындағы қалалық мәдениет және демалыс паркі»-болып құрылды.

Менің арманым-осы қалалық мәдениет және демалыс саябағына, қазақша атау беріп, қазақи нақыштағы ұлттық стильде: киіз үйлер құрып, қазақтың ұлттық қолөнерін, ойындарын енгізіп, Шаған өзенінің жағасына сән беріп, жағасын таза ұстап, халыққа мәдени қызмет көрсету. Туған қалам, көркейе берсін! Менің арманым көп...

«Ең бірінші бақытым-Халқым менің,

Соған берем ойымның алтын кенін!

Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,

Қымбатырақ алтыннан нарқым менің!»

М. Мақатаев.

Менің арманымдағы-Қазақстан-қазақ елі, ата-бабамыз ежелден мекен етіп, ғасырлар бойы өмір сүрген жер. Қазақ жері-ұлан-байтақ, дүние жүзінде жер көлемі жөнінен 9-орында.Ұлан-байтақ елі, біртуар ғалым Қаныш Сәтбаев Имантайұлын құрметтеп, жоғары оқу орнына, мектепке, көшеге атын беріп, есінде сақтайды. «Ғалымның хаты өлмейді, Жақсының аты өлмейді»-деп дана залшымыз айтқандай, біз Қаныш атамыздың бастаған игілігікті ісін, арманын-болашаққа апарамыз. Жайнай бер, гүлдене бер, менің-Қазақстаным!

БҚО.Теректі ауданы. Жайық негізгі мектебі.



Мақсаты: Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі – баланың оқыта отырып, ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. География пәнінен оқу жетістігін жоғарылатудағы әдіс тәсілдер, оқыту технологияларын тиімді қолдану арқылы сапалы білім беру, білім алушыларды шығармашылыққа, ізденіске, өз бетімен ақпараттарды іріктеу, талдау, қорытынды жасау арқылы кәсіби шеберліктерін дамыту өзара тәжірибе алмасу.

Міндеттер: Орта мерзімді және қысқа мерзімді сабақ жоспарларын жасау; Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, оқу дағдыларын қалыптастыру; Жеті модульді үнемі пайдалана отырып сабақ өткізу; Өз бетінше білім алу дағдыларына негіз салу; Географиялық білім деңгейлерін тереңдету; Оқушының пәнге деген қызығушылығын дамыту; Интеллектуалды жеке тұлғаны қалыптастыру; Ғылыми көзқараспен белсенділікті қалыптастыру; Оқушының шығармашылық деңгейін дамыту; Сабақта АКТ пайдалану, электронды оқулықпен, интерактивті тақтамен жұмыс жасау; Оқу материалын меңгерте отырып, мәліметтерді өздігінше жинауға итермелеу, қызығушылығын ояту; Қосымша материалдар мен жұмыс жасауға үйрету; Әрбір оқушының нәтижеге жетуге деген талпынысын дамыту.

Таңдалған зерттеу әдісі (әдістері): СТО, дарынды және талантты оқушылармен жұмыс, көшбасшылық, оқыту мен оқуда АКТ-ны пайдалану, жекелей, топтық жұмыстар, шығармашылық тапсырмалар.

Мұғалім үшін оқу нәтижелері:

- Оқушылардың бірін-бірі сынау арқылы аталған тақырыпты пысықтау.
- Берілген тапсырмаларды топта орындауға үйрету.
- Топта жұмыс істеу дағдысы
- Географиялық тілде сөйлеу қабілеттері.

Қазіргі уақытта заман талабына сай еркін, өзіндік дәлел – уәждерін нақты

жеткізе білетін, ынталы, өзіне сенімді, сыни пікір – көзқарастары жүйелі дамыған, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгерумен қатар, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы тәрбиелеу - мұғалімдердің басты міндеті. Осыған орай, әр мұғалім өз алдына мақсат қойып, оқу үрдісінде жаңа әдіс -тәсілдерді қолдану арқылы соған жетуді көздейді. Бүгінгі таңда жаңа білім беру жүйесі бұрынғы әлемдік қабылдау «білемін-білмеймін», «жасай аламын-жасай алмаймын», «қолдана аламын- қолдана алмаймын» дегендей нобай түрінде емес, ол: «ізденемін-табамын», «ойланамын-шешімін табамын», «зерттеймін-танимын» дегендей іс –әрекеттері арқылы білім беру түрінде көрініс табады. Бірінші орынға - оқушы тұлғасы, оның ақпаратты өздігінен жинақтау, саралау, талдауға дайындығы, пікірталасқа түсе білуі, дәлелдей алуы, сонымен қатар шешім қабылдап, оның орындалуын қадағалау сияқты қабілеттері шығады.

География пәнін оқытуда пайдаланатын жеті модуль: 1) Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс – тәсілдер; 2) Оқытуды басқару және көшбасшылық; 3) Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету; 4) Оқыту мен оқуда АКТ – ны пайдалану; 5) Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай оқыту мен оқу; 6) Талантты және дарынды балаларды оқыту; 7) Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.

Эдмунд Берктың айтуынша: «Өткенде қала отырып, болашақты жоспарлау мүмкін емес» XXI ғасыр- қатаң бәсеке ғасыры, сондықтан заман талабына сай, жан-жақты, құзыретті мұғалім болу үшін, көп еңбектеніп, алдымен, өз біліміңді одан әрі дамытуға тура келеді.

Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыратын ойсергек оқушыларды «Шаттық шеңберге» тұрғызу арқылы, глобусты алып Қазақстанның кереметі туралы және Қазақстан туралы тілектерін айналдыра бір-біріне беру арқылы айту.

Оқушыларды топқа бөлген кезде әр түрлі тәсілдерді атмосфераға байланысты: «Бұлт», «Қар», «Жаңбыр», «Күн» столдағы макеттерді таңдау арқылы 4 топқа бөлдік және бойлары бойынша, жануарлар топтары, т.б қолданып отырды (1,2,3,4 суреттерге сәйкес).



1,2,3,4 суреттер. Топтарға бөлінуі: Күн, Қар, Бұлт, Жаңбыр

Топ ішінде міндетті түрде оқушылардың қалауынша тайм-киппер, топ басшысы және хатшы тағайындалып отырды. Бұл әдіс әр оқушының мойынына жүктелген жауапкершілікті сезінуге көмектеседі. Әрине, міндеттер ауысып отырады, нәтижесінде, әр оқушы өзінің топбасшылық қабілеттерін көрсете алады.

«Түсіну» жүйесі бойынша «Менен – сұрақ, сізден – жауап» тапсырмасы бойынша оқушыларға «Алма ағашы» ойыны ойнатылады. Слайдта «Алма ағашының» суретінде алмамен жабылған сұрақтар жасырылып тұрады. Әрбір топ оқушыларына «Алма ағашының» астында жасырылып тұрған сұрақтар ашылып, сұрақтар қойылады (екі-екі сұрақтан). Алма ағашындағы сұрақтар: Не себепті ауа космосқа таралып кетпейді? Оттегі мен азоттың тіршілік үшін қандай маңызы бар? Атмосфераны қалай зерттейді? Ауа қабығының Жер үшін қандай маңызы бар? Тау басына көтерілген Альпенисттер маска киеді. Неліктен? деген сұрақтар қойылып, оқушылар жауап берді. Бір-біріне сұрақтар беру арқылы жауаптарын тыңдай отырып, пікірлерін толықтырып отырдым (5 суртеке сәйкес).



«Талдау» жүйесінде «Ауадағы сұрақтар» ойыны ойнатылды. Әрбір топ алдындағы түрлі-түсті шарларды ұстап тұрады, әуен ойнап тұрады. Топтағы оқушылар шарларын айналдырып, бір-

біріне беріп тұрады. Әуен тоқтаған кезде қай оқушыда қалды сол оқушы қарама-қарсы топқа сұрақтар қояды.

«Жинақтау» жүйесінде «Фишбоун» балығын құрастыру мақсатында, «Атмосфераның ластану себептері және қорғау шаралары» атты тақырып алынып, әрбір топ проблемалық тақырыпты шеше отырып, «фишбоун» балығын құрастыру керек. 1 топ балықтың басын алып, жалпы сипаттамасын айтады. 2 топ нақты дәлелдер келтіреді, 3 топ шешу жолдарын қарастырады, 4 топ қорытындысын айтып «фишбоун» балығын құрастырады (6 суретке сәйкес).





6 сурет. «Фишбоун» балығын құрастыру

Қазіргі таңда оқушыларға тақырып бойынша білімді тек ауызша ғана емес, визуалды көрсету өте тиімді. Сабақтарымда АКТ –ны қолданып, слайдтар, үн таспалар тыңдату арқылы, интерактивті тақтамен жұмыс жасау кезінде, сонымен қатар сергіту сәттеріне қолдаған бейнесюжеттер оқушылардың қызығушылығын, белсенділіктерін әлдеқайда арттырды. Тіпті рефлексия кезеңінде сабақ бойынша пікірлерін СМС арқылы жіберген кезде әдетте «тыйым» салынатын ұялы телефондарымен қолданды. «Көп естігеннен, бір көрген артық» немесе қытай данасы Конфуций «Ауызша айтылғанды ұмытамын. Көрсетсең, мүмкін есіме сақтармын. Өзіме жасатсаң мен түсінемін» дегендей пайымдаулар АКТ –ны қолданған кезде өздерін шындайды деп ойлаймын.

“Өмірде барлығын білетін ақылды өмір сүрген екен. Бір адам оның ақылды екенін дәлелдемекші болады. Алақанына көбелекті ұстап тұрып қай қолында екенін сұрайды: Өзіңді ақылдымын деп санайсың көбелек менің қай қолымда Өлі қай қолымда тірі көбелек дейді. Ақылды адам көп ойланбай «Барлығы өз қолыңда дейді.

Жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру өз қолдарыңызда:

Рефлекия.Бәрі өз қолыңда.

 Алақан суретін салып, әр саусақ бұл позиция өзінің ойын айтады:

 Басбармақ мен үшін қажет және қызықты...

 Балалы үйрек бұл мен нақты ақпарат алдым...

 Ортан терек маған қиын болды (ұнаған жоқ)...

 Шылдыр шүмек психологиялық атмосфера...

 Кішкентай бөбек мен үшін жеткілксіз (7 суретке сәйкес).



7 сурет. Бәрі өз қолыңда. Алақанның суреті

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» жолдауы.

2. Выготский Л. (1978). Разум в обществе. Кембридж, МА, Гарвардский университет.

3. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы, 2012.

4. Жақсылықова Г.И., Каженова А.М., Исмагилова Н.З. Интербелсенді әдіс-тәсілдер: Әдістемелік құрал.- Өскемен, 2014. 73 б.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ

Арыкова Айнагуль Конимкосовна

учитель русского языка илитературы КГУ «Умирзакская общеобразовательная школа №27» отдела образования по городу Актау управления образования Мангистауской области

Обновление содержания образования в Республике Казахстан ставит перед собой главную цель: совершенствование педагогического мастерства учителей в контексте обновления образовательной программы и внедрение системы критериального оценивания. Данная программа основана на развитие спиральной формы образования, основанной на когнитивной теории Д. Брунера. Спиральная форма обучения предполагает, что повторное рассмотрение материала, который будет усложняться на протяжении всего школьного обучения, дает большее преимущество в развитии современного учащегося, нежели традиционные формы обучения. Так же развитие казахстанских учащихся будет проходить путем внедрения активных форм обучения, в ходе которых предполагается, что учащиеся будут самостоятельно развивать функциональную грамотность, активно «добывать» знания, с огромным желанием развивать коммуникативные навыки общения со сверстниками, и творчески подходить к решению проблем.

Я убедилась, что сегодня учитель должен быть не только источником знаний, но и активным участником учебного процесса. Вовлечь каждого ребёнка в процесс обучения, суметь выслушать его, сделать его своим ассистентом, посмотреть глазами ученика на волнующую его проблему – вот задача учителя. Новое время потребовало от учителя владения современными активными технологиями и активного применения их на уроках. Сегодняшний ученик хорошо владеет компьютером, разбирается в технике. А наша задача направить их умения в нужное русло, подсказать, как добыть знания, заинтересовать, добиться, чтобы их глаза загорелись интересом к познанию.

Функциональная грамотность — что это? Происходящие в мире глобальные изменения требуют и глобальных компетенций. Функциональная грамотность включает в себя:

- Математическую
- Финансовую
- Естественно научную
- Глобальные компетенции
- Читательскую — добавить вебинары
- Критическое мышление

«Функциональная грамотность сегодня — это базовое образование личности. Ребенку важно обладать: Готовностью успешно взаимодействовать с изменяющимся окружающим миром; Возможностью решать различные (в том числе нестандартные) учебные и

жизненные задачи; Способностью строить социальные отношения; Совокупностью рефлексивных умений, обеспечивающих оценку своей грамотности, стремление к дальнейшему образованию».

Функциональное чтение

Чтение, целью которого является нахождение информации для решения конкретной задачи. Функциональное чтение предполагает владение следующими навыками: Поиск информации Понимание прочитанного — здесь мы говорим о смысловом чтении Работа с полученной информацией (оценка, интерпретация) — здесь мы говорим о критическом мышлении. Применение информации для решения своих задач. Все эти умения формируются с раннего детства, их уровень зависит от дошкольного развития, влияния родителей и учителей, школьной программы и самого человека.

Глобальные компетенции

Для того чтобы уметь формировать глобальные компетенции в школе, необходимо ответить на вопросы: Насколько выпускники школы готовы жить и работать в обществе, в котором проявляется межкультурное и иные (социальное, гендерное) разнообразие в условиях глобализации? Как ученики воспринимают новости глобального характера, понимают и критически анализируют глобальные проблемы и проблемы взаимодействия культур? Какие подходы к обучению в области разнообразия и взаимодействия культуры и глобализации уже используются в школе? Какие могут быть использованы? Какие подходы используются для организации совместной работы школьников – представителей разных культур? Основные ценности подобной глобализации — человеческое достоинство и культурное разнообразие.

Креативное мышление

Креативное и инновационное мышление — это вид мышления, которое ведет к инсайтам, новым подходам, свежим взглядам, это новый путь понимания и видения вещей. Продукты креативного мышления включают наблюдаемые вещи, такие как музыка, поэзия, танец, драматическая литература и технические инновации.

При формировании коммуникативной грамотности мы учим школьников самостоятельно выражать свои мысли в устной и письменной речи, создавать различные тексты: сочинения-рассуждения, изложения, сообщения, доклады, рефераты, рецензии, публичные выступления и т. д. Также создавать проекты, выполнять интеллектуально-лингвистические упражнения; участвовать в игровых ситуациях, выстраивать диалоги.Для этого используются различные формы работы на уроках: индивидуальная, работа в группах, минигруппах.

Эти методы, виды и формы работы на уроках способствуют формированию умений вступать в контакт с любым собеседником и поддерживать общение, соблюдая нормы и правила, слушать собеседника, стимулировать собеседника к продолжению общения, изменять при необходимости речевое поведение. Русский язык является одним из ведущих предметов гуманитарного цикла в системе школьного образования. Основная задача педагога – обеспечить обучающимся получение качественного образования с учетом их потребностей и особенностей, обеспечить формирование функционально грамотной личности.

Последовательная и кропотливая работа в этом направлении ведёт к тому, что у обучающихся появляется интерес к предмету, работе в группах. У ребят исчезает страх публичного выступления, они открыто начинают высказывать свое мнение, формулируют свою точку зрения. Вся эта работа ведёт к формированию функциональной грамотности у наших обучающихся.

Атажанова Мөлдір Зиноллақызы

БӨЛІМДЕРІ БІРДЕЙ ЖАЙ БӨЛШЕКТЕРІ БАР ӨРНЕКТЕРДІ САЛЫСТЫРУ

Ақтөбе қаласы, Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.2.1.4 бөлімдері бірдей жай бөлшектерді қосу және азайту алгоритмін әріпті теңдік түрінде: көрсету және қолдану 4.2.1.1 - сандық және әріптік өрнектерді түрлендіру
Сабақтың мақсаты	Бөлімдері бірдей жай бөлшектері бар өрнектерді салыстырады
Құндылықтар	Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру	Психологиялық ахуалды қалыптастыру	Достарына жақсы тілектер тілейді.	Мадақтау арқылы бағалап отыру ҚБ:	Суреттер
Өткен білімді еске түсіру	Үй тапсырмасын тексеру № 13 есеп $\frac{14}{70} > \frac{17}{70} - \frac{13}{70}$ $\frac{32}{80} > \frac{11}{80} + \frac{19}{80}$ $\frac{13}{100} < \frac{17}{100} + \frac{55}{100}$ $\frac{2}{9} > \frac{6}{9} - \frac{5}{9}$	Үй тапсырмасын оқиды	 Дескриптор: Бөлшек сандарды есептейді-1Б Оларды салыстырады-1Б	Оқулық
Жаңа білім	Жаңа тақырып №1 есеп $\frac{1}{20}; \frac{3}{20}; \frac{6}{20}; \frac{8}{20};; \frac{11}{20}; \frac{13}{20}.$ Қ Ұ С Ж О Л Ы	Галактика атауын табады	Дескриптор: Бөлшек сандарды өсу ретімен жезып, галактика атауын табады-1Б	Суреттер Галактика туралы суреттер
	№2есеп Тура емес теңсіздіктер $\frac{16}{20} > \frac{17}{20}$	Тура емес теңсіздікті табады Есептейді	Бөлшек сандардың құрамын біледі-1Б	Оқулық

	№3 есеп $\frac{13}{25}+\frac{2}{25}+\frac{3}{25}=\frac{18}{25}$ $\frac{19}{34}-\frac{6}{34}+\frac{3}{34}=\frac{16}{34}$ $\frac{7}{90}+\frac{55}{90}+\frac{5}{90}=\frac{67}{90}$ $\frac{23}{40}+\frac{5}{40}+\frac{1}{40}=\frac{29}{40}$ $\frac{63}{80}+\frac{15}{80}-\frac{9}{80}=\frac{69}{80}$ $(\frac{20}{145}+\frac{18}{145})+\frac{29}{145}=\frac{67}{145}$ №4 есеп $\frac{55}{88}+\frac{13}{88}+\frac{8}{88}>\frac{12}{88}-\frac{9}{88}+\frac{50}{88}$ $\frac{7}{19}+(\frac{5}{19}-\frac{2}{19})>\frac{2}{19}-\frac{3}{19}$ №5 есеп (864+159)*28+18258=46902 (482+829)*403-482666=45667 (1867-298)*304-92888=384088 (228+757)*74+581618=654508 ФС тапсырмасы №6 есеп а. S_1=220 $м^2$,?г 72кг S_2=380$м^2$,?г $m_1=m_2$-72кг=72000г Ш: 220+380=600$м^2$ 72000/600=120г\$м^2$ 220*120=26400г=26кг400г 380*120=45600г=45кг600г Ж: Бірінші алаңқайға 26кг 400г, екінші алаңқайға 45кг600г тұқым қолданады ЕҚБ Ә: a=1251 b=?м, $\frac{1}{3}$ б S=? $м^2$ P=?м	Бөлшек сандармен амалдар орындайды Салыстырады Өрнектердің мәнін есептейді Есепті шығарады Есепті шығарады Есепті шығарады Өрнек құрады Тапсырманы орындайды	ҚБ:  Дескриптор: Есептеу жүргізеді-1Б Бөлшек сандарды ажырата алады-1Б ҚБ:  Дескриптор: Бөлшек сандарды салыстырады-1Б Бөлшек сандармен есеп шығарады-1Б Дескриптор: Амалдардың орындалу ретін біледі-1Б Өрнектердің мәнін есептейді-1Б ҚБ:  Дескриптор: Себілген тұқымның мөлшерін табады-1Б Есепті шығарады-1	Бөлшек сандар жазылған плакат Оқулық Суреттер Амалдардың орындалу реті жазылған плакат Ғарыш туралы суреттер

	b=1251/3*1=417м^2 S=a*b=1251*417=521667м^2 P=2*(a+b)=2*(1251+417)=3336 Ж: Жер телімінің периметрі-3336м, ауданы- 521667м^2 ЕБҚ №7 ЕСЕП 4+1+1+1=7 Ж: Кәмпит түрінде бейнеленген өрнекті жасау үшін шеберге ең аз мөлшерде 7 бүтін тақтайша қажет. №8 есеп 7 тақтайша қажет 4+1+1+1=7  №9 есеп Бұл сан-19 ⟶19 (1+9)+(1*9)=19 Үй тапсырмасы №10 есеп $\frac{29}{30}$-($\frac{10}{30}$+ $\frac{9}{30}$)> $\frac{9}{30}$ – $\frac{6}{30}$ $\frac{9}{10}$-($\frac{2}{10}$ + $\frac{4}{10}$)< $\frac{2}{10}$+ $\frac{6}{10}$  	Үй тапсырмасын алады Кері байланыс жасайды	Дескриптор: Есепті шығарады-1Б Периметр мен ауданды табуды біледі-1Б  Дескриптор: Өрнектітақтайшаларды құрастыру арқылы жасайды-1Б Есепті шығарады-1Б ҚБ:  Дескриптор: Тиісті санды табады-1Б Зерттеу жұмысын жүргізеді-1Б Дескриптор: Бөлшек сандарды есептейді-1Б Оларды мәндеріне қарап салыстырады-1Б «Жұлдыздар шеруі» әдісі	Жер телімінің сызбасы Тақтайшалар Тақтайшалар Суреттер Оқулық Кері байланыс парағы
Бекіту Кері байланыс				

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



Байдекешова Нурбиби Кайыржановна

Ақтөбе қаласы Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 ЖББОМ физика пәнінің мұғалімі

ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ АЛДЫНДАҒЫ МАҚСАТ - МҰҒАЛІМДЕР ТӘЖІРИБЕСІН ҮНЕМІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Бүгінгі таңда білім беру саласына енгізілген жаңартылған білім беру жүйесін оқыту, білім алушылардың қарым-қабілетін әр қырынан ашуға мүмкіндік беріп отыр. Өзгемен тереземізді тең ететін білім болса, жаңашыл реформаның қай-қайсысын да қуана құп көру жаһандану кезінде білімді ұрпақ дайындау ұстаздардың қасиетті борышы. Кез-келген экономикасы дамыған мемлекеттермен терезесі тең дәрежеде бәсекелестік жасау қабілеті болуы үшін, сол мемлекеттермен қатар білімді игеру қажет. Елбасының білім және ғылым қызметркелерінің II съезінде «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер - бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет өте ауыр» деген сөздері әрбір мұғалімнің жолбасшысы болу керек деп ойлаймын. Жаһандану мен жаңару күннен күнге дамып жатқан кезде білімді ұрпақ дайындау ұстаздардың қасиетті борышы. Бәсекеге қабілетті тұлға дайындау мұғалімнің тиімді оқытуына байланысты дүние. Сондықтан ұстаз ретінде менің алдыма қойған мәселенің өзектілігі: жеке тұлғаны табу, оған жетекшілік ету, әр оқушының шығармашылық қабілетін танып, біліп дамыту.[1]

«Қырық жыл еңбек етсең де қырық минуттық сабағына дайындалғаны абзал. Мұғалім өз білімін жетілдіріп отырғанда ғана мұғалім, өз білімін жетілдіруді тоқтатқан күні мұғалімдігі де жойылады» дейді Ушинский. Мұғалім болмысы оқушыға үнемі бағыт-бағдар беріп отыратын тәлімгер емес, сонымен қатар олармен бірге іздене алатын, олардың ойын, жан- дүниесі мен іс-әрекетіне баға бере алатын тұлға болуы қажет.[2]

Дәстүрлі оқытуда мұғалім оқушыға тек материалдағы мәліметтерді түсіндіріп өтетін. Бүгінгі спиральді оқыту технологиясы мен әлемнің дамыған мемлекеттеріндегі психологтардың зерттеулері оқушыларға өзіне мүмкіндік беру дағдыларын жетілдіруді қолдайды. Себебі өзі ақпарат жинақтап, өзі істеп үйренгенде ғана білім түп санадан жоғарғы санаға орнығатыны зерттеулер арқылы өз нәтижесін беріп отыр. Демек мұғалім жаңаша білім беруде, оқытуға деген өз көзқарасын өзгертуі қажет. Мұғалім оқушылардың ішкі және сыртқы уәжін оятып, оларды оқуға, ізденуге талпынатын эмоция бере алғанда ғана, оның нәтижелі болмақ. «PISA» білім беру жүйесіндегі оқу мақсаттары да мұғалімді сабақта қол жеткізе алатын мақсаттар қою дағдысын меңгеруге жетелейді. Оқу мақсаттарына негізделе отырып мұғалім оқушы қажеттіліктерін анықтайды. Оқушылардың қажеттіліктерін анықтау барысында нақтыланған SMART-мақсатты анықтай алады. Мақсаттар анықталған соң, сабақ мақсаттарына жетуге себеп болатын белсенді оқу әдістерін таңдауға оны оқу мен оқытудың ажырамас бөлігіне айналдыра алу мұғалімнің кәсіби шеберлігінің өсуіне өз білімін үнемі жаңартып отыруға септігін тигізетін орасан зор фактор болып табылады. Жаңартылған білім беру мазмұнының басты мақсаты да осы мұғалімдердің қойған мақсаттары мен

жасаған дескрипторларына қарай оның қандай кәсіби деңгейде екенін нақтылау. Өзіне керек дүниелерді ізденуге қолайлы жағдай жасау болмақ. Демек мұғалім сабақты ұйымдастырудың алдында теориялық әрі практикалық біліммен қаруланған болуы қажет. Себебі сабақта ұйымдастырылған іс-әрекеттер үнемі сіз жоспарлағандай жүзеге аса бермейді. Осындай уақытта мұғалім кәсіби білікті, жетелеуші, бағыт-бағдар беруші, көшбасшы тұлғаға айналуы қажет. Оушының қажеттіліктерін ескере отырып қажеттіліктерін қанағаттандыратын ұстаз заманауй тұлға болады десек жаңылыспаған болармыз. Жаңартылған білім мазмұнының тағы бір ерекшелігі оқушылардың ішкі уәжін арттыратын қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру.[3]

Оқушылар үнемі әділ бағаланып отырғанда ғана оқу белсенділігі жоғарылай түседі.

Критериалды бағалау оқушыларға белгілі нақты критрийлермен жүзеге асырылатын бағалау түрі. Ол дәстүрлі бағалаудан өзгеше формада жүргізіледі. Сонымен қатар белгіленген табыс критерийлері арқылы оқушылардың мақсатқа жеткендігі немесе қай жерде ізденуді қажет екендігін анықтап беретін дүние. Бағалауды жүргізу оқушылармен үнемі кері байланыс жасап отыру да күрделі фактор болып табылады. Себебі мұғалім әрі психологиялық тұрғыда, әрі кәсіби тұрғыда білімді тұлға болғанда ғана кері байланыс ұтымды жүзеге асады.

Критериалды бағалаудың тағы маңызды факторы оқушыларды жік-жікке бөлмей олардың сабақты меңгеру деңгейіне бағытталуы. Дәстүрлі оқытудағы бағалауда тек үздік оқушылар бағаланып, олардың сыныптастары бағалау үдерісінен тыс қалып отыратын. Тағы бір проблеманың бірі ол - оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Жаңа технологияның әдіс- тәсілдері оқушылардың білімін толықтыруға көмектеседі. Осыған орай озық тәжірибе, жаңа технологияның тиімді әдістерін таңдап алып, оларды үйлесімді, тиімді және шығармашылықпен пайдалану - ұстаз шеберлігінің белгісі. Ұстаз ретінде оқытып жүрген оқушыларымның ерекшеліктерін зерттеп, біліп алған соң ғана, оларды даму деңгейіне орай әдіс - тәсілдерді іріктеп, талдап қолдануға, жетілдіруге ерекше назар аударып келемін.

Оқушыларды жұппен, топпен жұмыстандыру арқылы ұйымдастырылған сабақтар, оқушылардың дарындылығын дамытып, шыңдау жолдарының бірі болып табылады, олардың арасында ынтымақтастық пен серіктестікті тудыру, басқа адамның ойымен де есептесу қажет екенін де түсіндіреді, уақыт үнемделеді. Жұппен және шағын топпен жұмыс тез, жаңа идеяларды ұсынумен қатар белгілі бір жағдайды нәтижелі шешуге де мүмкіндік береді. Оған дәлел өз сабақтарымда қолданып жүрген әдіс - тәсілдер: Джиксо, түртіп алу, күнделік жазу, әлем шарлау, рөлдік ойындар, диалогтік әңгіме жүргізу, топтастыру, семантикалық карта, венн диаграммасын толықтыру, сұрақ – жауап сияқты оқушыны сыни түрде ойландырып, өзіндік идеясы арқылы жауабын дайындап ортаға тастау. Осы арқылы оқушының бүгінгі сабақты қаншалықты меңгергенін, қандай нәтижеге жете алатынын пайымдауға болады.[4]Әрбір оқушының жеке құндылықтарын сақтайтын олардың шығармашылығын, ізденушілігін дамытып, әрқайсысына жеке басына байланысты емес олардың игерген білімдеріне қарай берілетін бағалау түрі де критериалды бағалау болмақ.

Қысқасы мұғалім өзінің тиімді оқытудағы рөлін құндылықтары мен құзыреттіліктерін игерген тұлға болғанда шәкірттері бәсекеге қабілетті тұлға болып шығады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әлімов А., Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері.– Алматы, 2013. - 448 б;

2. Рахимбеков Ғ.Р. «Оқыту процесіндегі сұрақтың рөлі»- Алматы, 1999,-132б

3. Сыздықов А. «Физика анықтамалығы» Оқу құралы -Астана 2015

4. Құлбекұлы М. «Электр және магнетизмнің негіздері»- Алматы: Қарасай 2016

5. «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериалды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру» 2018ж.

Байназарова Айгерим Сейтказиевна


ER-TOSTIK


Ақтөбе қаласы №61 жалпы білім беретін орта мектебінің ағылшын пәні мұғалімі

Learning objectives	6.4.8.1 use with some support familiar paper and digital reference resource to check meaning and extend understanding 6.4.4.1 read and understand with some support a limited range of short fiction and non-fiction texts 6.4.7.1 recognise typical features at word, sentence and text level in a limited range of written genres 6.1.7.1- develop and sustain a consistent argument when speaking or writing
Lesson objectives	**Learners will be able to:** -identify and discuss text types - identify character development through emotions in a literary extract -read for specific information
Assessment criteria	Read the given passage and identify the general information Demonstrate skills of organizing and expressing ideas accurately Illustrate a viewpoint in a discussion

Plan

Stages / Time	Teachers actions	Students actions	Assessment criteria	Resources
Beginning of the lesson Warming-up *3 min* ***Pre-learning «Brainstorming» method*** **7 min**	**Organization moment :** The lesson greeting. The teacher sets the lesson objectives, letting students know what to anticipate from the lesson. **Warm up.** • **It's time to think** • **It's time to speak** • **It's time to show** **We are ready, let's go!** **<u>Reading and listening</u>** **Lead in.** Teacher shows the video about "Er-tostik" and ask learners to guess the topic of the lesson. Play the recoding. So, what is the theme of our lesson? Our new theme is "Er-tostik" 1.Do you believe in legends? 2.What is the translation of the word "fairy tale"? 3.What fairy tales do you know?	**The aim:** To develop pupils speaking skills and create friendly atmosphere **Efficiency:** By wishing each other, they feel better and feel the support of others. *Students of the class are listed.* *Students' attention is drawn to the lesson.* *Determines the topic and purpose of the lesson* • Sts watch the video and Guess the theme. *Students say different words from the picture.*	The teacher to assess learners for their ability. "Good job! Well done!" *Formative Assessment*  *Good job!* **<u>Descriptor:</u>** - *know daily routines vocabulary* - *know* 2nd conditional *Point 1 from 10*	*Pictures*  *Work sheet*

	4.Have you ever heard anything about Er Tostik? 5.Who is Er Tostik? **Presentation. Proverb** If all the seas were one sea, What a great sea that would be?	*Answer the question.*		*Student's book*
Middle of the lesson Presentation part 30 min	**Focus on reading** *Pre-reading* **New words** **Destroy** - жою, құрту **Lord** - әмірші **Underworld** - жер асты әлемі **Livestock** - үй жануары **Brisket** - төс **Pregnant** - жүкті **Handsome** - әдемі (ер адамға) **Get married** - үйлену **Servant** - қызметші **Capture** - ұстап алу **Set off** - жолға шығу **Rescue** - құтқару **Reach** - қол жеткізу **Challenge** - қиындыққа тап болу **Bring into darkness** - қараңғылыққа батыру **Peace** - тыныштық	Sts watch the video and listen, then repeat the new words.	**Descriptor:** - read the theory -answer the question Total: 2 point **Assessment criteria** - Learners have met the learning objectives if they can talk about **Excellent-8-10** **Good-6-7**	Card Work sheet
	Ex: 3 Pair work **Method: Dodecahedron** 1. How many sons did Ernazar have before Er- Tostik was born? - Ernazar had eight sons. 2. Who was the lord of the underworld? - Bapy Khan was the lord of the underworld. 3. What did Ernazar's wife eat before becoming pregnant? - She ate the brisket of the horse. 4. Who did Er-Tostik fall in love with? - He fell in love with a beautiful young woman called Kenjegen. 5. What powers did the three giants have? - One giant could shake mountains, one could move extremely fast and the third one could drink up whole lakes. 6. What would happen if the dragon ate the sun egg?	Sts read again and answer the question. Ss listen and follow the text in their books to find out how the characters in the rubric are related to Er-Tostik. Elicit answers from Ss around the class. Give Ss time to read the text again and answer the questions. Check Ss' answers. • Pupils read the extract and choose the correct answer. • Pupils read the extract. Describe a tripod to your partner. Sts write the sentence.	**Descriptor**: -understand the situation -correct the statements **Descriptor:** -read the extract -find examples Total: 1 point  Self assessment **Descriptor:** - read the extract	Student s book

	- If the dragon ate the sun egg, the whole world would be brought into darkness. **To predict the content of the text and listen and read for specific information Ex 4** **To read for specific information** **To read for comprehension** Ask Ss to read the text again and correct the statements. Check Ss' answers around the class. * 1.Bapy Khan sent a terrible winter to the steppe. * 2.Bapy Khan`s servant captured Er-Tostik`s father. * 3.One of the giants could drink whole lakes. * 4.A dragon went to eat the sun egg of the Samruk bird. **SPEAKING Method: Aquarium** • **Work in groups.** Choose one of the cardsand, describe the characters in the story: Er-Tostik, Ernazar, Bapy Khan, Kenjegen **Relaxing Time.** Let's play games. **1.Who wants to be a millionaire?** **2.Do the tasks on the platform word wall.** **Method: Imagine.** Let`s visit the art gallery and put the events in the order they happened   **Group work.** To draw a poster and present a fairy tale	**Differentiation:«Verbal support»** method is used to help Ss use new words in the sentences. Sts correct the sentence. • ***Descriptor:*** • **Learners have sentences in the aquarium. They must retell the fairy tale about Er-Tostik.** Give Ss time to complete the task in class and ask Ss to present the fairy tale to the class. Sts make a poster. **Conclusion** During the lesson some tasks differentiated by outcomes of the students and by their abilities.	- choose their answers Total: 2 point **Descriptor:** - read the extract. - describe a tripod Total: 2 point  -Make CCQ questions Yes / No Total: 1 point Total: 10 point **Descriptor**: - understand the situation - put the events in the right order 	Student's book Work sheets https://wordwall.net/ru/resource/29924617

	Explain the task. Ask Ss to work in small groups and choose a fairy tale to draw a poster of it. Then, they list the main events and prepare a presentation of positive and negative sides.			
End of the lesson 5 min	**FEEDBACK** Learners provide feedback on what they have learned at the lesson. **Reflection** At the end of the lesson, learners reflect on their learning: ✓ Who are the main characters of the fairy tale? ✓ What lesson did you get from the fairy tale? "Good triumphs over evil" ✓ Who is the negative character and who is the positive character? Teacher: Now pupils at the end of our lesson let's write your opinions for this lesson. Home task: Workbook on p.55	  	Poster Success 













Байрамова Света Джиенгалиевна

Ақтөбе қаласы Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 ЖББОМ бастауыш сынып мұғалімі

11-ДЕН 20-ҒА ДЕЙІНГІ САНДАР. КӨГӨНІС ҚАЛАЙ ӨСЕДІ?

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	1.1.2.5 20 көлеміндегі біртаңбалы мен екітаңбалы сандарды ауызша қосу және азайтуды орындау; 1.5.1.6 қосу мен азайтуға берілген есептерге қатысты таңдаған амалдарын негіздеу, шығару әдісін түсіндіру.			
Сабақтың мақсаты	Қосу мен азайтуды орындайтын болады			
Құндылықтар	Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут Өткенді пысықтау 5 минут *Сабақтың ортасы* 20 минут	Психологиялық ахуал қалыптастыру «Ыстық алақан» әдісі Бір-бірінің алақанын ұстап, жылы сөздер айтады. Алақандарын қысып ұстайды -Біз мықтысың! -Сен тамаша қызсың! -Керемет жігітсің! Өткенді пысықтау «Бұл қандай сан?» ойыны Оқушылар екі қатарға тұрады. Бірінші қатардағы оқушылар санның ондығын, ал екінші қатардағы оқушылар санның бірлігін білдіреді. Екі қатардан оқушы шығады, ал қалған оқушылар бұл қандай сан екенін анықтайды. -Бұл санда 1 ондық және 5 бірлік бар. Бұл қай сан?-Бұл санның көршілері 16 мен 18. Бұл санды ата. - 1 ондық 2 бірлік. Ол қандай сан? - 17 санында неше ондық, неше бірлік бар? - 16 санының көршілерін ата. Тақырыпты ашу 11-ден 20-ға дейінгі сандарды тура және кері санату Сан құрамын тақтаға жаздыру 12 18 10 + 2 10 + 8	Жақсы тілектер айтады Ойын арқылы сандардың құрамын пысықтайды Сандарды тура және кері санайды	Көңіл күйлерін көтеріп отыру Тамаша ! «Смайлик» әдісі арқылы мадақтау  Дескриптор: Санның құрамын біледі, қолданады Сандардың көршілерін табады  Дескриптор:	Суреттер Сандар қимасы Суреттер

Сергіту сәті 2 минут	Жаңа тақырып ФС тапсырмасы 1-тапсырма Бақшадан қанша килограмм қызанақ пен қияр жинады? Тапсырманы орында. Қызанақ – 12кг Қияр - 8 кг ? к. Шешуі: 12+8=20 кг Жауабы: 20 кг көгөніс 2-тапсырма Сұлбасын дәптерге салып, оны толтыр. Есепті шығар Қызанақ – 15 түп Қияр – 5 түп ? түп Шешуі: 15+5=20 (түп) Жауабы: Барлығы 20 түп көгөніс отырғызылды. 15түп 5түп  ? түп ЕБҚ-тапсырма Заңдылықты сақтап сандарды жаз.  ЕҚБ-тапсырма Есеп құрастыр және оны шығар  Дене қимылдарын жасату 1-ден 20-ға дейін тура және хормен санай отырып жүру жаттығуын жасату Өзіндік жұмыс 3-тапсырма Тапсырманы өз бетімен орындайды 12+4=16 4+12=16 16-4=12 16-12=4 Топтық жұмыс	Сандар құрамын жазады Кері есеп шығарады Қияр-8кг Қызанақ-?кг Барлығы-20кг 20-8=12кг Ж:Қызанақ 12кг Дәптермен жұмыс жасайды Қима қағазбен жұмыс жасайды Жеке жұмыс жасайды Өзіндік жұмысты дәптерге және тақтаға орындайды Топтық жұмыс жасайды	11-ден 20-ға дейінгі сандарды тура және кері санатады Сан құрамын тақтаға жазады Дескриптор: Сурет және қысқаша жазу бойынша есеп құрастырады. Қысқаша жазу бойынша кері есеп құрастырады. Дескриптор: Есепті шығарады. Дәптеріне сызбасын сызып, оны толтырады.  Тамаша!  Сен мықтысың! Дескриптор: Есептеу жүргізеді. Өзара	Тақта Кеспе сандар Оқулық  Сызбалар Есеп сұлбасы Жұмыс дәптер Қима қағаз Қимылдар

Сабақты қорыту 6минут Қосымша тапсырма 2минут Кері байланыс 5 минут	4-тапсырма Бірінші бағанға қосындыларды, екінші бағанға айырмаларды жаз. Олардың мәнін тап. 2+5=7 17-5=12 3+3=6 10-4=6 13+6=19 20-4=16 2+8=10 19-4=15 12+5=17 7-5=2 5+5=10 7-5=2 0+7=10 5-3=2 Зерттеушілік тапсырма 5-тапсырма Есепті шығар Оқушылар әртүрлі үш қызанақты бір қатарға қалай орналастыруға болатынын ойла. Әртүрлі нұсқалар сал Қызанақтардың орнына дөңгелектер салады. Барлық нқсқаларды жазу үшін ережені сақтау қажет. ҚЖС, ҚСЖ, ЖҚС, ЖСҚ, СҚЖ, СЖҚ. Барлығы 6 нұсқа. ҚЖ: Саралау тапсырмалары 1-деңгей Суреттегі заттарды санап, оларды салыстыр, салыстыру амалдарын қой 2-деңгей Ондықтар мен бірліктерді ажыратып жаз. 52= онд...бірл 19= 83= 41= 35= 94= 3-деңгей Есепті шығар Оқу жылының басында Айдарда 40 торкөз дәптер мен 30 жол дәптер болды. Ол 50 дәптерді пайдаланды. Айдарда неше дәптер қалды? Кері байланыс 	Амалдарды орындайды Тапсырманы орындайды Саралау тапсырмаларын орындайды Кері байланыс жасайды	байланысты өрнектер құрастырады. Дескриптор: Бірінші бағанға қосындыларды, екінші бағанға айырмаларды жазады. Олардың мәнін табады. Дескриптор: Әртүрлі үш қызанақты бір қатарға қалай орналастыруға болатынын біледі Әртүрлі нұсқалар салады. Дескриптор: 1-деңгей Суреттегі заттарды санап, оларды салыстырады, салыстыру амалдарын қояды 2-деңгей Ондықтар мен бірліктерді ажыратып жазады. 3-деңгей Есептің шартын құрып, шығарады «Тик ток» әдісі	Оқулық Оқулық Жұмыс дәптері Оқулық Суреттер  Қима парақтар Кері байланыс тақтасы

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ВОЛЕЙБОЛ

Бакенова Гулхан Аскаровна

Жұмабаев Бекнұр Сұлтанбекұлы

Экзистенциалистік бағыт философиясына негізделген білім құндылығы әр тұлға үшін өзіндік маңызға ие болып, мұғалімнің міндеті оқу, тәрбие материалын игеруде оқушыға толық еркіндік беріп, оның ынта-ықыласы мен қызығушылығына жол ашады. Дүниедегі заттар мен құбылыстардың мәнін ұғыну оқушы еркінде. Ал ұғу процесі санаға тікелей негізделмей, бала сезімдері, арманы мен сенімі арқылы іске асырылады. Экзистенциализм философиясы жекелеп оқытудың философиялық негіздемесі ретінде танылып отыр. Қазіргі қазақстандық білім кеңістігіндегі тұлғаның даралық қасиеттеріне бағытталған білім технологияларынан экзистенциализм бағытындағы философиялық концепцияларға негізделген элементтерді кездестіруге болады.

Тарихи сөздерді меңгертуде оқу үдерісін осы бағыт аясындағы концепцияларды басшылыққа ала отырып құруға болады. Тіл біліміндегі когнитивтік зерттеулер экзистенциализм философиясынан алшақ кетпейді. Себебі тіл мен таным сабақтастығына құрылған когнитивтік лингвистика саласының басты

принципті қазіргі жаңа ғылыми парадигмадағы антропоөзектік бағытқа негізделген.

Тарихи лексиканы құрайтын бірліктердің концептілік өрісіндегі білімдер жүйесі сол халықтың және де сол ұлт өкілінің ақиқат дүниені қабылдау ерекшеліктеріне байланысты. Тілдік білімді, тарихи сөздердің семантикалық құрылымын танымдық бағытта оқыту білім алушылардың дүниетанымдық түсініктерін кеңейтеді. Әрбір тілдік бірліктің астарында жатқан мәдени семантикаларды жете меңгерулеріне түрткі болады. Сөйтіп, тілдің ғылыми теориясы мен терминологиясын игеріп қана қоймай, рухани аялық білімін де жетілдіре түседі. Рухани санасы жоғары жеке тұлғаға айналады.

Тарихи лексиканы оқыту үдерісінің логика-философиялық негіздерін сөз етуде тарихи сөздердің лексика-семантикалық мағынасы арқылы ұлтқа тән ұғымдардың философиялық мазмұнын айтпай кетуге болмайды. «Адамның дүниемен байланысы, оны тануы белгілі ұлттық жағдайда қалыптасатындықтан, дүниетанымның ұлттық белгілері болады. Ол белгілері мен көріністері осы халықтың діліне тәуелді. Бұл – халықтың бейнелеу дүниесі, символдары (рәміздері) мен салт-жоралары, сезіну, ұғыну ерекшеліктері» [1, 181] ретінде көрінсе, ұлттық дүниетанымның басты көрсеткіші – ұлттық мәдениет пен ұлттық тіл екендігі сөзсіз. Ал, «тіл адамның ойлау және бағалау қызметі үдерісінде барлық жасағандарын бейнелеудің және сақтаудың әмбебап құралы» [2, 206]. Мысалы, тарихи сөз кісені алайық. Кісе – ер адамның әртүрлі қаруларды, қаруға қажетті жабдықтарды және басқа да қажетті заттарды іліп алып жүруге арналған белдігі. Қазақтар кісе белдікті тікелей қызметінен басқа әртүрлі ғұрыптық мақсаттарда да қолданған. Адамдар басына іс түскенде, құдайға жалбарынғанда белінен шешіп, мойнына тағып тілек жаудырған. Ол жөнінде халық ауыз әдебиетінде сақталған мәліметтер бар.

Кісенің ырымдық, ғұрыптық қызмет атқаруы мал шаруашылығына да пайдаланылған. Мәселен, інген іш тастамасын деп ырымдап, інген мойнына кісе салатын болған.

Қазақтар кісені әшекейлеуге көп көңіл бөлген. Себебі кісе иесінің әлеуметтік статусын, әлеуметтік жағдайын көрсетіп, түрлі дәрежені білдірген. Сол себепті түрлі металл шытырларды бекіту арқылы көркемдеген.

Ал, оқушылары ұлтқа тән ұғымдардың бірсыпырасымен жыраулар поэзиясын оқытқанда таныстырамыз. Жыраулық көшпелі қоғам дамуының туындысы, тарихи шындыққа жақын көзқарас. Жыраулық дәстүрде көркемдік және тарихи сипаттау қатар өрбиді. Қорлық пен зорлық етектен алып, басқа шапқанда, атақонысқа жаттың көзі түскенде, зорлығы күшті заманның ащы сазы мен өткір сөзі лап етті. Қазақтың сана-сезімінде азаттық жолындағы айықпас айқас, кекке толы шайқас идеясы оянды. Мұның бәрі қазақ дүниетанымына әсер етті. Шерлі, зарлы мұңды толғауда бүгінде мағынасы күңгірт тартқан, аты бар, заты тек мұражайларда сақталған дүниелер жетерлік.

Ақын-жыраулардың шығармашылығы мен дүниетанымы елдің дәстүрлі түсінігімен астасады. Мектеп оқушысы 9-сыныпта халық мұңын айта алған ел азаматы, ел қамын жеген Махамбет поэзиясымен танысады. Оның жырлары тұнған тарихи сөз, оның ішінде қару-жарақ, сауыт-сайман атаулары көп қолданылған. Бірақ бұл сөздердің барлығы тура мағынасында емес, символикалық тұрғыда жұмсалған. «*Белгілі туған ер едім, Беліме садақ асынған*» (Махамбет) деген жолдардағы садақ сөзі басқа сөздермен тіркесіп халқының қорлығын көрген батырдың жауға аттанғанын бейнелеп тұр.

«*Жалаулы найза жанға алып, Жау қашырар ма екеміз*?» деген Ақтамберді Сарыұлының жыр жолдарында *найза* сөзі жалаулы сөзімен тіркесіп келіп қару мәнінде жұмсалып тұрған жоқ.

Көшпелі халықтарда, оның ішінде қазақтар үшін найза тек жауынгерлік қару ғана емес, оған тағылған түрлі белгілермен, арнайы әшекейленуімен оны ұстаушы адамның әлеуметтік статусының, әскери

дәрежесінің, лауазымының белгісі де болды. Найза басына әртүрлі дәреже және айыру белгілері ретінде ту, байрақ, қыл не жібек шашақ, жалау тағылған. Олардың бейнелері қазақтардың құлпытастарында, XVIII-XIX ғасырлардағы суреттерде кездеседі. Ту – қолбасылық, байрақ – әскербасылық дәреже белгісі.

Соғыс кезінде көзге тез түсетін ашық түсті матаны айырым белгісі үшін найзаның сабына байлаған. Бұл сөз тіркесі Махамбет жырларында да ұшырасады. Мысалы: Жалаулы найза қолға алып, Жау тоқтатар күн қайда? (Махамбет). Бұдан қазақ халқының жалауды найзаға байлау арқылы белгі көрсеткендігін ұқсақ болады.

Көшпелі халықтарда жоғары дәрежелі әскери лауазымның белгісі болған ту, байрақ тағылған найзалар әскербасылық, қолбасылық лауазымға тағайындалған адамға басқа дәреже белгілерімен тапсырылған. Найза мен сүңгілердің басына әскери белгі ретінде тағылған түсті шүберектен жасалған жалау және қыл, жібек шашақтардың қозғалысын жауынгер соққы жасау кезінде қарсыластың назарын қарудың жұмсалған бағытынан тайдыру үшін де пайдаланған.

Қазақ тілінде бұрын *сүңгі* сөзі жиі қолданылған. Кейінірек найза сөзі сүңгі деген атауды ығыстырып шығарса керек. Қазіргі күнде найза әдбен сіңісіп, байырғы төл сөзіміздей қабылданады. Найза қару ретінде тас дәуірінде пайда болған. Қазақтар найзаны қару ретінде XX ғасырдың басына дейін қолданған. Найза жебелері әдетте темірден және болаттан соғылады. Сапасына байланысты түсінің реңкімен ерекшеленетін ақ немесе қызыл болатпен жасалады. Найза қолданудың барлық әдістерін шебер меңгерген жауынгерлерді қазақтар найзагер деп атаған. Жазбаша және ауызша деректерде осындай мықты найзагерлер қақтығыста қарсыласының денесіне жара салмай, найзаның ұшымен оны киімінен іліп алып аттан түсіріп тастап отырғаны айтылады. Фольклорлық деректерге сүйенсек Олжабай батыр осы тәсілді жаумен айқаста жиі қолданған. Көбіне мұндай тәсілді найзагер жігіттер кісі өлтіруге болмайтын барымтада жүзеге асырған [3, 456].

Найза сөзі әртүрлі эпитетпен қолданылады:

Қарамашы, сәулешім,
Қара көзің мөлдіреп.
Өткір найза *кірпіктен,*
Кетті жүрек елжіреп (Беташар). Енді бірде ауыспалы мағынада адамның қулық-сұмдығына *найза өтпейді* деп те қолданылады.

Қазақ халқы өлшем ретінде *күн найза бойы көтерілді* деп айтып жатады. «*Ораз-Мұхамед бетін шығысқа бұрды. Кеше өздері жүріп өткен түстік өңір тәрізді, орман мен дала аралас екен. Күн* ***найза бойы көтеріліпті****. Астындағы алыс қиыр – кең жазық сияқты*» [4, 170].

Қазіргі күнде найза тура мағынасында емес, жоғарыдағы әртүрлі ауыспалы ұғымдарда қолданылады. Сонымен қатар, қазақ тілінде *найзаға жау міндірген ер* (жауын сүңгімен түйреген баһадүр), *найзаның ұшымен, білектің күшімен* (ерлікпен, күшпен), *найзасын жауға тіреді* (жауға қарсы шабуылға шықты), *найзасы тиеді* (соққысы тиеді), *найза ұстады* (қолына қару ұстайтын жасқа жетті, ер атанды), *найза ұшында отырғандай* (қауіпті аймақта тұр, қауіпті жағдайға ұшырайтындай) деген секілді көптеген фразеологиялық тіркестер бар.

Асыл болаттан соғылған сауыттың бір түрі – *берен.* Берен – көп мағыналы сөз. Қазақ тілін зерттеп, сөздік құрастырған Н.И.Ильминский берен сөзінің мынадай мағыналарын көрсетеді: «ең жақсы барқыт», «ең мықты болат». «Қобыланды батыр» жырында :

Байдың қызы жамылар,
Масаты мен ***беренді,*** - деген жолдардағы берен сөзінің мағынасы – қымбат барқыт.

Қынабынан суырып,
Қолына алды ***беренді***. Үзіндідегі берен сөзінің мағынасы – кездік.

Ал: *Бөкенбайдай жас* ***берен,***
Жылқыны іздеп барғасын деген жолдардағы берен сөзінің мағынасы мүлде басқа. Қазақ халқының таным-түсінігінде болаттай күшті асыл адамды да берен деп

атаған екен. Академик Р.Сыздық ғашықтық, батырлар жырында, Махамбет Өтемісұлы, Дулат Бабатайұлы өлеңдерінде кездесетін берен сөзінің бірнеше мағынасын көрсетеді: 1. Ең мықты болат; 2. Болаттан жасалған кездік, пышақ, қанжар; 3. Сауыт; 4. Батыр адам. 5. Ең қымбат барқыт [2, 57]. Беренді сауыттың жеңді және жеңсіз деп аталатын екі түрі болған. Ауқатты адамдар, әскербасы, қолбасшылар қымбат маталармен сәндеп әскери киім ретінде киген.

Қазақ тілінде *ала берен* деген де тіркес бар. Мұндағы ала дегеніміз «ұрыс, соғыс» мағынасын береді. Яғни, *ала берен* тіркесінің семантикасы – соғыста киетін киім, сауыт.

Көне магиялық түсініктерге байланысты берен түсінігі қалыптасқан, беренді сауыттың негізгі қорғаныштық қасиетін тудыратын берен (металл) болғандықтан, эвфемистік жанама атау ретінде берен деп қана атаған. Осындай қазақтың танымынан хабар беретін ескіліктерде қазақ халқының ойлауы, пайымдауы көрініс тапқан.

Яғни, тарихи лексика тілдің лексикалық жүйесіндегі танымдық үдеріспен сабақтас тілдік бірлік. Философия ғылымының тұжырымдарына негізделген білім тілді және оның лексикасындағы тұлғаның ойлауы, ұғым қалыптастыруы сияқты әрекеттерімен байланысты болып келетін құбылыстарды оқытуда басшылыққа алынады. Тіл арқылы дүниетану үдерісін философия ілімінің заңдылықтарына негіздеп тануға болатындықтан, логика-философиялық ғылым болып табылады. Лексикалық бірлік ретінде тіл арқылы ақиқат әлемді тануға мүмкіндік береді. Яғни, мұндағы эмпирикалық таным нақты ой түю мен сезім арқылы қабылдаудан тұрады.

Лингвистикалық мазмұндағы білімді беру мен меңгерту, оны қатысымдық аяда тиімді пайдалануға дағдыландыру жұмыстары педагогиканың негізгі қағидалары аясында іске асырылады. Педагогиканың қағидалары өз кезегінде философиялық білім мазмұнына тікелей тәуелді.

Білім алушының тұлғалық болмысының қалыптасуы мен дамуының басты тетіктерінің бірі – лингвистикалық білім көзінің маңызы ерекше болып табылады. Сондықтан білім алушыны интеллектуалдық, зейінділік, қатысымдық жағынан өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, әлеуметтік топпен, өзімен-өзі, т.б. белсенді түрде қатынасқа түсуге дайындау арқылы тілдік құзыреттілігі мен ақыл-ойының дамуына қол жеткізу логика-философияның басты қағидасы болып табылады.

Қорытындылай келе, білім алушы тілдік құбылыстарды тұтыну мен жүзеге асыру барысындағы ойлау әрекеті логиканың категориясына жатса, сол туралы пайымдауы мен ой жүгіртуі философиялық категорияға жатады.Тілдегі тарихи лексиканы оқытудағы логика-философиялық аспектілердің негізінде оқушы тілдік бірліктерді ойлау үдерісімен үнемі бірлікте ұстауға мүмкіндік алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтаев Ж., Ғабитов Т., Қасабеков. Философия және мәдениеттану. – А., Жеті жарғы, 1998. – 272 б.

2. Р.Сыздықова. Сөздер сөйлейді. – 2-басылуы. – А., Санат, 1994. – 272 б.

3. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. – А., РПК Слон, 2013. – 836 б.

4. М.Мағауин. Аласапыран: тарихи роман. – А., Жазушы, 1988. – 832 б.

5. Ә.Қайдар. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – А.: Ана тілі, 1998. – 304 б.

6. Т.Байжанов. Қазақ әскери лексикасының тарихы. А., 1993.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

Какимгалиева Лиза Тилеккабыловна

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА СӨЗДІК ЖҰМЫСЫ АРҚЫЛЫ ТІЛ ДАМЫТУ

БҚО Бөрлі ауданы Ақсай қаласының №4 ЖББОМ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Бүгінгі танда орыс сыныптарында қазақ тілін оқытудың түрлі жолдары қарастырылып, сабақ беру барысында жүеимыстанылуда. Қазақ тілін оқыту барысында мұғалімнің оқушы тілін дамытып, сөз байлығын арттыру ең маңызды жұмыстардың бірі. Оқу орыс тілінде жүретін сыныптарында оқушылар қазақ тілін оқу барысында мұғалімнің қойған сұрақтарына түсініп, оған жауап қайтаруға, үйренген сөздерін бұзбай айтуға, әсіресе, құрамында қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс айтып, сөйлемдідұрыс құруға үйретеді.

Тілді дамыту – ойды дамыту. Оқушылардың тілін дамытуға сөздік жұмысының маңызы өте зор. Себебі, сөздік жұмысы – тіл дамыту жұмысының бастапқы негізі болып саналады. Егер оқушының сөздік қоры аз болса, ол өзінің айтатын деген ойын нақты жеткізе алмайды. Сондықтан да сөздік жұмыс оқушылардың сөздерді, сөйлемдерді дұрыс жазуына, сөйлеу дағдыларын дұрыс қалыптастыруына зор ықпал етеді. Сөздік жұмысын әр сабақты өткізілетін тапсырмаларға байланысты жүргізіп отыру керек. Сөздікпен жұмыс істегенде, жаттығу орындағанда кәртішкелерді немесе суреттерді қолданғанда әрдайым қазақ тіліне тән дыбыстар қатысқан сөздерге мән берген тиімдірек. Жаңа сабақ сөздік жұмысынан басталады. Тіл дамыту жұмысының негізгі түрлерінің бірі – осы сөздік жұмысы. Орыс мектебіндегі қазақ тілі сабағын өтуде мұғалімнің аса зер салатын өзекті мәселелерінің бірі де осы. Тақтаға екі тілді сөздерді жазып, оны дәптерлеріне көшіріп, жаттатқаннан балалар ол сөзді жадыларында ұстай алмайды, ұғып алса да кейінірек ұмытып қалады. Сондықтан балаларға жаңа сөз үйретуде оның орысша баламасымен қоса суретін көрсетіп, жанына қатарласа заттың аты қазақша жазылады, оны бірнеше рет қайталатып оқытып, мағынасын түсіндірсе, бұл жұмыс әлде қайда ұтымды болады. Ал енді оны есте сақтау үшін сол сөздер бар сөз тіркесін құрып, күнделікті тұрмыста қолдана алатындай сөйлемдер құратып, оны дәптерлеріне жаздырып отырса, тіл дамыту жұмысы тиянақты жүргізілгені.Тіл үйрету дегеніміз – кез келген сөзді құрғақ жаттап алу емес, жаңа сөздің мағынасын түсініп, саналы түрде есте сақтау, жаттау, ауызша, жазбаша сөздерді дұрыс қолдана білу. Ал оқушының жаңа сөздерді саналы түрде есте сақтау үшін, сабақта түрлі көрнекіліктер, кесте сөздердің орыс тіліндегі аудармасын айту, түсіндіру сияқты тәсілдер қолданылады. Жалпы оқушылардың тілін дамытуда өткен сабақтарда үйренген сөздерді жаңа сабақпен байланыстыра сол сөздерді қайталап, жаңа сөздермен бірге ауызша, жазбаша сөйлем құрғаттыру аса маңызды. Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде оқушыларға жаңа сөздерді үйретуде төмендегідей әдістемелік талаптар ескерілуі тиіс.

1. Жаңа сөздерді дұрыс айтуға үйрету.
2. Заттың өзін көрсету арқылы меңгерту.
3. Жаңа сөзді аудару арқылы меңгерту.

Сөздікті байытудың негізгі көзі – оқулықтағы мәтіндер, жаттығулар, өлеңдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, жаңылтпаштар, тапсырмалар, мұғалімнің сөзі, т.б. Оқушы оқыған мәтіннің мазмұнын дұрыс қабылдау үшін, сөздік жұмыстарының мұқият жүргізілуі қадағаланады, яғни балаға түсініксіз бірде-бір сөз болмауы керек.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

STEM-МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ТРЕНД

Мамбеткереева Асем Нуралыевна

Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Саға мектеп – балабақшасы

Қоғамның қай саласының да дамуы да білім мен ғылымға тікелей байланысты. Ғылыми-технологиялық революцияның бүгінгі қарқыны тым тез һәм тым өзгермелі. Бүгінде әлем елдері ғылыми технологиялық революцияның төртінші толқынына куә болып отыр. Ол дегеніміз — жоғары технологиялық инновациялар, таңғаларлық өнертабыстар, ақпараттардың жылдам әрі толассыз ағыны, күн сайын жетілдіріліп отырған автоматтық жүйелер, робототехника, т.б.

Дамудың жедел қарқыны білім беру жүйесіне де жаңаша талап қоятыны айқын. Талап бар, ол — қазіргі техниканың озық дамыған ғасырында жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыра отырып, жан-жақты, заманауи әдістер мен технологияларды білетін, терең білімді, өз білімін кез-келген салада қолдана алатын тұлға тәрбиелеу.

Осы мақсатта елімізде қазір бірқатар білім бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Соның бірі, білім берудің жаңа бағыты — STEM бағыты**.**

STEM дегеніміз – оқытудың біріктірілген тәсілі. Яғни, бұл тәсіл аясында академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. *Мұндай тәсілдің мақсаты* – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату. STEM – оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. *Бұндай тәсілдің мақсаты* – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату (Tsupros, 2009).

Қазақстанда да STEM-білім берудің белсене дамуы басталды. Бұны Білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында STEM контекстінде мектептегі білім берудің мазмұнына өту дәлелдейді. Жаңа білім беру саясатын жүзеге асыру үшін оқу бағдарламасына жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық үлгілеуді дамытуға бағытталған STEM-элементтерді енгізу жоспарланды.

Осылайша, біздің еліміз дамыған елдермен бірдей бағытта ілгерілеп келеді. STEM-білім беру оқуды және мансапты қосатын көпір болып табылады. Оның тұжырымдамасы балаларды технологиялық тұрғыдан дамыған әлемге дайындайды. Келешектің мамандарына жан-жақты дайындық пен жаратылыстану ғылымдары, инженерия, технологиялар мен математиканың әр түрлі білім беру салаларынан алынған білім керек.

STEM әлемдік жүйесінің жаңа тренді білім беру робототехникасы болды, ол бағдарламалау және құрастыру дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, STEM төрт компонентінің интеграторы болып табылады. Мысалы, 2015 жылы «STEM» үшжылдық жобасы іске қосылды (Австрия, Болгария, Греция, Мальта және Ұлыбритания), ол оқушылардың ғылыми-техникалық салаға деген

қызығушылықтарын қолдау үшін білім беру роботехникасын шығармашылық және сыни қолдануға бағытталды.

«STEM» мақсаты – балаларға білім беру робототехникасының әртүрлі бағыттарын және

STEM-білім беру – инженерлік шығармашылық пен математика, жаратылыстану ғылымдары мен технологиялардың кіріктірілуі негізінде жоба және пәнаралық амалдарды байланыстыратын жаңаша ойлау және жаңа технологияларға бағытталған ғылымдардың бірігуі.

STEM-білім беру артықшылықтары: сыни тұрғыдан ойлау, ғылыми-техникалық білімді күнделікті өмірде пайдалану, белсенді қарым-қатынас құру және командамен жұмыс жасау, техникалық пәндерге қызығушылықты арттыру, жобаларға креативті және жаңашыл көзқарас, оқу мен карьераның ұштасуы.

STEM-білім берудің кілттік мақсаты – оқушылардың білу және істей алу қабілеттерін өнертапқыш шешімдер, зерттеушілік қызметтер және тәжірибелік форматтарда көрсету.

STEM әдісін қолдану үшін әріптестермен бірлесе отырып, оқу мақсаттарына сай қалай жүзеге асыруға болатындығын көлденең жоспарлау барысында талдап, сабақ жоспары жасалады. Сабақ жоспарында мұғалім бірнеше пәндерде қамтылатын оқу мақсаттарын жинақтап, жаңа білімді меңгеруде STEM әдісін пайдаланылады. Бұл сабақтың барысында батареялар туралы мәліметтерден бастап оқушылар аккумуляторлар туралы ақпаратты табу үшін зерттеу дағдыларын қолданады; электрохимиялық ұяшықтар құру және электрохимиялық ұяшықтарды пайдалану арқылы шамды қосу үшін жұмыс жасайтын батарея құру тәжірибесі орындалады және ең жарық шамды жасау үшін электрохимиялық жасушалардың аккумуляторын құрастыру тәжірибелері орындалады.

— Бұл STEM әдісінің барлық саласын толық қамтиды. Атап айтқанда *S (ғылым)* электрохимияға, тотығу – тотықсыздану мен электрондардың берілуіне қатысты батареядағы химияға назар аударады. Физикада кернеу, ток және электр қуаты сияқты ұғымдар қарастырылған. Жобада қолданылатын *T (технология)* бұл вольтметрді, калькуляторды, шамды және интернет-анықтаманы қолдану. *E (инженерия)* қарапайым гальваникалық ұяшықтарды қолдана отырып, функционалды аккумуляторды қалай құруға болатынымен жұмыстану. *M (математика)* – бұл, Нернст теңдеуі көмегімен электр қозғаушы күшін есептеу, жұмыс істейтін батарея үшін қажет гальваникалық ұяшықтардың санын есептейді.

Сабақ барысында оқушылардың өзін-өзі бағалауы оқушылардың тәжірибе барысындағы іс-әрекеттері электрохимияға қатысты ғылыми түсініктерді, сондай-ақ ток, кернеу және электр туралы түсініктерін меңгеруге көмектесетінін көрсетті. Сондай-ақ олар бұл іс-әрекет олардың сыни ойлауын және топта жұмыс істеу дағдыларын жетілдіретіндігіне көзіміз жетті.

Көптеген оқушыларға сабақ үстінде терминдерді, теорияларды түсіну қиындық туғызады, ал STEM сабақтарында қызықты эксперименттер мен тәжірибелер жасап, жобалар құрастыру арқылы, бір пән білімін екінші пән білімімен байланыстыра отырып, осы терминдерді, теорияларды жеңіл түсінеді.

STEM-білім берудің үздік педагогтері мақсат тек қана құзыретті жұмыс күшін тәрбиелеу ғана емес, оқушылардың «қатты» және «жұмсақ» дағдыларын қалыптастыру қажеттігін де көреді.

Халқымыздың ойшылы Шәкәрім Құдайбердінің «Құбылған әлем жарысы – ақылды жанның табысы’’ деген ұлағатты сөзі бар. Әлемде техгология көзі ілеспес жылдамдықпен күн сайын жаңарып, даму үстінде. Келешекте елдің байлығы, даму көрсеткіші, халықтың әл- ауқаты жер асты байлықтарының көлеміне қарай емес, заманауи технологияны қаншалықты игергеніне, онымен жұмыс істеу әдетінің қалыптасуына байланысты болмақ. Бұл тұрғыда уақыт талабы мен заман ағымына

бейімделген мамандардың басым болатыны белгілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Г.Ахметова, А.Мурзалинова. «Преимущества и перспективы STEM-образования» \\ «Білімді ел — Образованная страна» №41 (102) 7 ноября 2017 г

2. Г.Ногайбаева, С.Жумажанова. «Развитие STEM-образования в мире и Казахстане» \\ «Білімді ел — Образованная страна» №20 (57), 25.10.2016ж.

3. Интернет ресурс: https://kk.wikipedia.org

4. М.Жұмабаев.Жалпы педагогика. 2009ж.

Махлиева Анаргуль Ерсайыновна

Педагог-сарапшы


№71 НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ТУЫНДЫ ЗАТ ЕСІМ

Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласының №4 ЖББОМ бастауыш сынып мұғалімі

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру 3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру 3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету 3.4.2.4* негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау
Сабақтың мақсаты:	тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру мәтін мазмұны бойынша тақырып қою; жіберілген пунктуациялық, грамматикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету; негізгі және туынды зат есімдерді тауып, талдайды.
Құндылықты дарыту	Жауапкершілік, денсаулық, достық және айналадағыларға құрметпен қарау

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңдері:	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы 10 мин	**І.Психологиялық ахуал қалыптастыру.** Балалар көңіл-күйлеріңіз жақсы ма? Сабаққа дайынсыздар ма? Топқа бөлу. -Бүгінгі сабағымыздың ерекшелеу болады, қазір «Жұрнақ», «Жалғау», «Түбір» болып үш топқа бөлінеміз.Бағалау бойынша айтып өту.	Оқушылар жауабын айтады Оқушылар сабақ тақырыбы мен	«Ауызша мадақтау» әдісі: Жарайсың! Тамаша! Жақсы!	 Слайд 1

	II.Алдыңғы білімді еске түсіру.  «Жалған,ақиқат» әдісі бойынша өткенді қайталау **III.Сұрақ-жауап арқылы жауап арқылы жаңа тақырыпқа келу** -Ұшақты кім басқарады? -Спортпен айналысатын адам? -Ғарышқа ұшатын адам? **Бүгінгі сабақ тақырыбы хабарланады.**	мақсатымен танысады.	Оқушылар жауабын толықтырып, әр қайсысына тиімді кері байланыс беріп отыру.	
Ортасы 5 мин 5 мин 5 мин	**Жаңа сабақ** **Бейне сабақ көрсету** **Ережені оқыту** Зат есім негізгі және туынды болып бөлінеді. Негізгі түбірден болған зат есімді **негізгі зат** есім дейді: ана, бала,кесте, көз Түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалған зат есімді **туынды зат есім** дейді. **Оқулықпен жұмыс** **22-жаттығу Мақалдың қатесін түзеп көшіріп жаз.** Өлеңшінің қолы-алтын, Өнерлінің сөзі –алтын. Туынды зат есімді тауып, сөз құрамына талда. **«Құпия хат» әдісі.** Әр орындықтың артында конверт жапсырылған,ішінде тапсырма 	Мәтінді тыңдайды. Мәтін мазмұны бойынша сұрақ қойып, жауап береді. Ережені оқиды. Мақалдың қатесін түзеп көшіріп жазады. Туынды зат есімді тауып, сөз құрамына талдайды. Зат есімдерді,туынды зат есімге айналдырады. Сөйлемдерді көшіріп,тапсырма сын орындайды	**Дескриптор:** -Мақалдың қатесін түзеп көшіріп жазады;(1б) -Туынды зат есімді сөз құрамына талдайды.(1б) **Дескриптор:** -Берілген зат есімдерді туынды зат есімге айналдырып жазады;1 балл -Сөйлемдерді қатесіз көшіріп жазады; 1 балл -Негізгі зат есім мен туынды зат есімді тауып астын сызады, 1 балл **Дескриптор:** -Мәтінді оқиды; 1 балл -Мәтінге тақырып қояды; 1 балл -Мәтін ішінен негізгі және туынды зат	   

3 мин 5 мин 3 мин 4 мин	**Сергіту сәті.** Нейрожаттығулар жасату **Топпен жұмыс** Әр топқа мәтін беру. Мәтінді оқу, тақырып қою,ішінен негізгі,туынды зат есімдерді табу **Жұппен жұмыс** Әр жұп жұрнақ таңдап алады.Сол жұрнақты жалғап туынды сөз құрайды.Сол сөзбен сөйлем құрастырады **Додокаэдрмен жұмыс** -Зат есімнің сұрақтары,зат есім нені білдіреді? -Етістіктің сұрақтары,етістік нені білдіреді? -Сын есімнің сұрақтары,сын есім нені білдіреді? -Сан есімнің сұрақтары,Сан есім нені білдіреді? -Жалқы зат есім дегеніміз не? -Жалпы зат есім дегеніміз не? -Қосымша нешеге бөлінеді және қалай аталады? -Жұрнақ дегеніміз не? -Жалғау дегеніміз не? -Қазақ тілінде неше жалғау бар? -Көптік жалғауларды ата -Сөйлем дегеніміз не? -Түбір дегеніміз не? -Мәтін неден тұрады? -Мәтіннің қандай түрлері бар?	Мәтінді оқиды,талдайды,тақырып таңдайды.Негізгі, туынды зат есімдерді табады Туынды сөз құрастырады.Сөйлем құрастырады Оқушылар бір-бірден жауап береді	есімдерді табады, 1 балл **Дескриптор:** -Таңдаған жұрнақпен туынды сөз құрайды; 1 балл -Туынды сөзді қатыстырып сөйлем құрайды ;1 балл Оқушылар сұраққа жауап береді.	
5 мин Соңы мин	**Сабақты бекіту** **Үй тапсырмасы**: 23 ж/ғу,17бет.Ереже жаттау **Бағалау** **Рефлексия** 	«Алтын сандық» әдісі арқылы бүгінгі сабақтан түсінген, түсінбегендерін айтады. Оқушылар бүгінгі сабақтан алған әсерлерін көрсетеді	Оқушылар 1-10 балдық жүйемен бағаланады**.**	

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



Рысмамбетова Зарина Сарсембаевна

Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы №2 Хромтау гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Қазақ тілі сабағында оқушылардың білім деңгейлерін шығармашылық деңгейге дейін жеткізу мақсатындағы іс-әрекеттердің бірі ойын түріндегі шығармашылық тапсырмалар болып табылады. Ғалымдардың басым көпшілігінің пайымдауынша, іс-әрекеттегі оқушы өміріндегі басты оқиға – өзіндік «Менін» ашу, адамдар қарым-қатынасы жүйесінде өз орнын іздеу, өзінің өмірбаянын өзі жасаушы ретінде сезіну деп есептейді. Сондай-ақ олар, оқушының әлеуметтік құзырлы әрекетінің пайда болуын ғылыми тұрғыда негіздей келе, оның жан-жақтылық сипатына назар аударады.

Психологтардың зерттеуі бойынша, әрбір жаста шығармашылыққа, тіл мәдениетіне баулуға өзек болардай өзіндік ерекше қабілет, бейімділік бар екен. Ізденімпаздық – шығармашылыққа апаратын бірден-бір жол. Шығармашылық тұлға қалыптастыру үшін оқушының өзін-өзі тануына өзіндік «менін» қалыптастыруға, сол «меннен» шығармашылық тұлғаға жетуіне ықпал жасау – әр мұғалімнің міндеті.

Шығармашылық тапсырмалардың өзін балалардың қабілетіне, пәнге деген сүйіспеншілігіне байланысты диагностика талаптарын басшылыққа ала отырып жүргізген жөн. Ол үшін оны түрлендіре әрі орындауға жеңіл етіп берген тиімді болмақ. Бір сабақтың өзінде бірнеше тапсырма ұсынып, таңдап орындауды баланың өз қалауына қалдыру керек. Өте жемісті тәсілдердің бірі: тапсырмаларды жүйеге бөліп, оқушының біліміне, қабілетіне байланысты ұсынуға болады.

Оқушылардың тапсырманы өз бетімен орындауы – шығармашылық жұмыстың бастамасы. Балалар I деңгейді орындауға еліктеп, сабақтан тыс уақытта да өз бетімен жұмыс істеуге отыратын болды. Бір байқағаным, шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін ғой. Сондықтан да мұғалімдердің міндеті – оқушының бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Кез келген оқушы мұғалімнің басшылығымен орындаған шығармашылық жұмысының нәтижесін көрсету арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамыта алады. Баланың қабілеті мен талантын неғұрлым ертерек байқасақ, соғұрлым оның қабілетін толық ашуға мүмкіндік болады.

Өткен ғасырда Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. Осы мақсатпен оқушының шығармашалық қасиетін дамыту – басты қағидам. Оқушы тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына жаңа технологиялардың ерекше ықпал ететіні сөзсіз және әрбір әдіс-тәсілдің ұстаздар үшін маңызы өте зор.

Қазақ тілі сабағында сабақ қызықты да тартымды өту үшін ойынның рөлі өте жоғары. Оқушылрдың білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, оларды оқу үдерісінде үздіксіз дамытып отыру және сабақ барысында алған білімдерін тәжірибеде, яғни сабақ барысында жаттығу орындауда қолдану

дағдыларын қалыптастыру үшін ойын элементтерін пайдаланудың орны бөлек.

Оқушылар сабаққа қарағанда ойынды ұнататын белгілі. Ойын оқушылар сабақта зерігіп, шаршаған кездерінде сергіту мақсатында ғана емес, оларға негізгі ұғым, түсініктерді толық меңгерту мақсатында да жүргізіледі. Ойын арқылы оқушы өздігінен қорытынды жасай білуге машықтанады. Ойынның негізгі мақсаты- баланы қызықтыра отырып, өткен тақырыпты берік меңгерту, саналарында сақталып қалуға жұмыс жасау. Сондықтан ойынның пәндік мазмұны басты назарда болуы керек. Тек сол жағдайда ғана оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, білімдік, тәрбиелік мақсаттарға жетуге септігін тигізеді.

Ойындарға қойылатын талаптардың өз алдына жеке мақсаттары:

- ойынның мақсаты нақты әрі керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып қойылу керек;
- ойын ережелері оқушыоардың түсінуіне оңай, қарапайым әрі шағын болуы тиіс;
- ойынға оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету қажет;

ойын жүру барысында мұғалім балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай алуларына, ойлана білулеріне жол көрсетуі қажет. Қазақ тілі – әлеуметтік, рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбиенің қайнар көзі. Балалардың сөйлеу мүмкіндігінің даму барысында қазақ тілінің оқыту мен тәлім-тәрбие берудегі рөлі күннен-күнге арта түсуде. Қазақ тілін сөздерді, сөйлемдерді, диалог, монолог үлгілерін механикалық қайталай беру жолымен емес, жалпы белсенді түрде сөйлеу арқылы үйрету керек. Адам мәдениеті ойын арқылы дамиды, демек балалық шақтан бастап, қартайған кезге дейін адамды ойын жетелеп отырады. Ал бүгінгідей динамика ғасырында оқу процесінде ойын алдыңғы орында, яғни ойын технологиясы арқылы баланың оқу ынтасын арттыру жеңіл болмақ. Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады, қазақ тілі сабағында ойын формаларын енгізу барысында интерактивті тақтаны да қолданудың маңызы өте зор. Дидактикалық ойындар – балалардың білімдерін арттырудың құралы. Сабақта ойындарды қолданудың түрлі жолдары бар.Ойын сабақтың басында өткен сабақты еске түсіреді.Сабақтың соңында тақырыпты бекіту, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді.Ойын – бала әрекетінің негізгі бір түрі. Бала үшін ойын – өмір сүрудің белсенді формасы, сол арқылы ересектерге еліктейді, олардың іс-әрекеттерін, қарым-қатынастарын үйренеді, еңбектің мәнін түсіне біледі, адамгершілік нормаларын игереді, әлеуметтік рөлдер атқарады. Оқушылардың ойын кезіндегі белсенділігі көбінесе жарыс нәтижесін дұрыс есепке алуға байланысты. Оқушылар ойындағы өз жетістіктері мен кемшіліктерін біліп отыруы тиіс. Ойын нәтижелерін есепке алу түрліше: әрбір дұрыс орындалған грамматикалық ойын үшін ұпай есептеу, әрбір ұтылыс үшін кем ұпай беріледі, оқушылар тақтаға жазылған тиісті команда бағанындағы сөз немесе сөз тіркестерін жазып отыру; ол сөздерді есепке ала отыру; қол көтеріп немесе тиісті орфограммалар жазылған карточкаларды көтеру арқылы білімдерін анықтау; жаттығуға жіберілген уақытты есепке алу. Ойындық технология мәнді өмір жағдаяттарын үлгілеу және оның шешуін іздестіруге құрылады.

Сабақ үстінде жүргізілетін жұмыс түрлері, тақырыпқа сай алынған тәрбиелік мәні бар ойын элементтері оқушылардың ойлау белсенділігін керек етеді. Сондықтан мұғалім әр сабағында ойын түрлерін орнымен қолданып, оны қызықты ету арқылы олардың білімге ынта-ықыласын, пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруды мақсат етеді. Демек, мұғалім сабағын баланың қабілет-қарымына, психологиялық ерекшелігіне сай байланыста жоспарлау керек. Сонда ғана сабақ тартымды, жеңіл болады, оқушыларды жалықтырмайды.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

Ермекова Самал Сағынбайқызы

Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Калиновка орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

М.ӘУЕЗОВТІҢ «ХАН КЕНЕ» ТРАГЕДИЯСЫНДАҒЫ АЛАШШЫЛ ИДЕЯ

Қазіргі кезде М.Әуезовтің бүкіл шығармашылық жолының өн бойында алашшыл көзқарастың созылып жатқаны жиі сөз болып жүр. Қаламгердің «Қараш-қараш оқиғасы» , «Хан Кене» , «Қилы заман» шығармаларынан ортақ ой-пікір жалғастығын, көзқарас сабақтастығын көреміз.

Қазақ елінің бүгінгі қол жеткізген тәуелсіздігі биігінен көз салсақ, ұлттың рухани әлемінде әділ бағасын ала алмаған талай «ақтаңдақтарды» көруге болады. Ауыз әдебиетінің үлгілері мен ондағы фольклорлық деректер ұлтымыздың рухани жан дүниесінің биіктігін көрсетумен қатар тарихымыздың зерделі айшықтарын тануымызға да зор ықпал жасайды. Тарихшы ғалым Е.Бекмаханов: «Тарихи ірі оқиғалар ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп отырған халықтың ауызша шығармашылығы:дастан, өлең, қисса, батырлар жыры, ертегі,аңыз тағы басқалар арқылы қазақ халқының есінде сақталған. Осы фольклорлық материалдарда қазақтардың қоғамдық және әлеуметтік құрылысы, тұрмысы мен әдет-ғұрпы және ақырында, халықтың өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғалар айқын бейнесін тапқан» - деп атап көрсетеді.

Семинарияда оқып жүргенде, «Алаш» газетінің 1917 жылғы 16-санында жарық көрген «Қазақтың өзгеше мінездері» атты тұңғыш тырнақалды мақаласымен белгілі бола бастаған М.Әуезов бертін келе «Сарыарқа», «Абай», «Қазақ тілі», «Шолпан», «Таң», «Сана», «Жас азамат», «Еңбекші қазақ», «Кедей айнасы», «Жаңа мектеп», «Жас қайрат» тағы басқа газет-журналдарда саясат, мәдени-ағартушылық, дүниетанымдық бағыттағы келелі ойларын алға тартып отырған. Ұлт-азаттық сарындары да осы кезеңде қалыптаса бастады.

Мұхтардың Абай ортасынан шығып, Абай мектебінің сынынан өтуі, қисса-дастандарды, батырлар жырын жаттап өсуі оның бала жүрегіне мәңгілік елдік сезімін қалыптастырып, ел ішіндегі түрлі әлеуметтік жайлар, қазақ халқының басындағы сол кезеңдегі ауыр халдер, отаршыл саясаттың әрекеттерімен таныс болуы оны ел ісіне араласуға итермелеген еді. Алаш тұсындағы көзқарастары мен кеңес тұсындағы қоғамждық қызметі де оның өй-өрісін жан-жақты дамытып, өзіндік жеке пікірін қалыптастырғаны да шындық. Мұның бәрі жинақтала келе болашақ дарын иесінің шығармашылық бастауларына айналды.

Ұлт-азаттық идея – халықтың арман – тілегінен туған асыл мұрат. Бұл тұста ұлттық сана мен рухани тұтастықты сақтап қалу үшін Ахмет, Әлихан, Міржақыптар «Оян,қазақ!» деп халық танымына тура жол сілтеп ұрандаса, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Мұхтарлар төл әдебиетімізде ұлт-азаттық күрес тақырыбын дамытуды көздеді. Ұлттық рухымыздың биіктігін танытатын М.Жұмабаевтың «Ертегі», «Оқжетпестің қиясында», «батыр Баян», С.Сейфуллиннің «Көкшетау», Ж.Аймауытовтың «Қартқожа», «Ақбілек», М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Қилы заман», «Хан Кене» сияқты әртүрлі жанрдағы көркем шығармалары әдебиет үлгілеріне айналды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалуға бағытталған ұлт-азаттық қозғалысы, оның кемеңгер қолбасшысы, залқымыздың соңғы ханы-Кенесары Қасымұлы мен жанын шүберекке

түйіп, отаршылдық жүйеге қарсы күрескен Наурызбай, Ағыбай сияқты батырлардың ерлігі тарихи тұрғыдан зерттелсе де, дәл осы айтулы оқиғаға қатысушы қаһармандарымыздың рухани мұраларымызда сомдалу жан-жақты зерделенген жоқ. Елін, халқын ойлаған ұлы жазушымыз түбінде жазадан құтылмайтынын білсе де, жан дүниесін, санасын, рухани дүниетанымын талқыға салды. Әуезовтің талқыға түсуіне себепкер болған шығармаларының бірі – «Хан Кене» трагедиясы. Хан,сұлтан, би,батыр туралы жазғандарды қатал сынға алып, қуғынға ұшыратып жатқан кезде қазақ халқының соңғы ханы Кенесары Қасымұлы туралы шығарма жазу ол кез үшін ерлік еді. «Қилы заман» тарихи романы мен «Хан Кене» трагедиясының жарық көру уақыты осы шығармалардың күрделі тағдырының бастауы болды. Бұл кезде кеңестік идеологиямен сусындағандар ұлттың шын мәніндегі ұлт екенін тану үшін өткенге соқпай өтпейтінін түсінбей, таза ұлттық қасиеттерді ешбір идеологияның бояуынсыз айқындау қажеттігін басқаша пайымдап жатқанда, осы бағыттағы қолдамаған қаламгерлерден «ұлтшылдық» таңбасын көруге асыққан кезең еді.

Еркіндік пен тәуелсіздік аңсаған елдің күресін бейнелеген, соның салдарынан тағдыр соққысын көрген «Хан Кене» трагедиясын Әуезов сұқ көзден қызғыштай қорғайды. Коммунистік саяси идеологияның патшаға қарсы күрес уақытын пайдалана отырып ойды бүкпелеп, астарлап жеткізу арқылы тарихи материалды идеясына, негізгі айтар ойына бағындырады. «Хан Кене» трагедиясын өз заманының шындығымен салыстырады. «Хан Кене» пьесасы туралы қарама-қайшы пікірлердің тууы, ең алдымен, оның нысаны мен тақырыбына , тарихи тұлғаны драматургтің қалай көрсеткеніне байланысты. Осы кезге дейін Кенесарыны өз мансабы үшін қарапайым екі халықты жауластырып, араларына сызат түсірген қарақшы ретінде танып келді. Ал екінші біреулері қазақ халқын тұтастыққа, азаттық жолындағы күреске шақырған, сол бостандық жолында мерт болған тарихи тұлға ретінде бағалайды. М.Әуезов екінші пікірді жақтағанымен, Кенесарыны құр мақтамай, оқиғаның шындығын көрсетуге тырысады. Ұрпақтың санасына теріс ұғым қалыптастырып үлгерген саяси идеологиялық принциптердің салдарынан ұлт-азаттық қозғалысы ғана емес, Қазақстан ғылым, әдебиеті мен тарихы едәуір бұрмалаушылықтар мен қателіктерге ұшырады. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген соң ғана тарихи ақиқаттардың беті ашыла бастады. Еңсесі түскен елді егемендік пен бірлікке шақырған белгілі қаламгерлердің шығармаларындағы ақтқат пен аңыз арада қаншама уақыт өтсе де, өз маңызын жойған жоқ.

М.Әуезов «Хан Кене» трагедиясында өмірі де, өлімі де шырғалаңға толы ірі тарихи тұлғаны терең зерттеп, бейнелеуге батыл қадам жасады. Тұлға мен заманның, дәуір ментағдырдың, тұлға мен халықтың қарым-қатынасын әдеби бейнелер арқылы көрсетіп, қазақ ұлтының тарихи болашағына толғанып ой жібереді. Жазушы шығармашылығында көркем сомдалған тарихи бейнелертерең философиялық мән табады. «Хан Кене» трагедиясының сюжеті терең философиялық сарындарға толы. Саяси құдалау кезінде М.Әуезовтің шығармалары, песьалары театр сахнасынан шеттетілді, Пьеса театр сахнасынан аластатылғаннан соң жазушы бұл шығармасына қайта оралған жоқ., өйткені ол өзінің концепциясын болашақ «Абай жолы» арқылы оны өткізу жолынан қарастырады. Әуезовтің даналығы – ол жүйеге қарсы тура шабуылдан беті қайтқан кезде оның тылын айналып өтіп, маневржасай, өзінің мәңгілік ұлы туындысы «Абай жолы» арқылы осы концепциясының негізгі буындарын өмірге келтірді, өз есімін биік тұғырға қондырып, өшпес есімін мұрат етіп мәңгілікке қалдырды.

Қорыта келе, сан жылдар бойы өткен тарихымызды, ұлтымыздың өткен ғасырлардағы өмір ақиқатын дұрыс танып, біле алмадық. Халқымыздың қаһармандары – хандар мен батырлады теріс қырынан көрсетуге тырысып, азаттық үшін болған ұлт-азаттық күрестерді феодалдық, ұлтшылдық көтерілістер деп танудық . Ұлт

тарихына деген кеңестік саясат көзқарасы осылайша болды. Ел тарихын, ірі тұлғаларымыздың ерлігінің мәнін бүгінгі егемендігіміздің арқасында сезіне бастағандаймыз. Қазақ еліне іштей іріткі салып, бодандық саясатқа көшкен Ресей қазақтың көптеген би-болыстарының мансабын көтеру арқылы бір-біріне айдап салып, қарсы қоюға күш жұмсады. Соның салдарынан ұлт-азаттық көсемі Кенесары ханға би-болыстар, аға сұлтандар толық тіреніш бола алмады. Кейбір болыстар, керісінше патша саясатының қолдаушысы болды. Осындай қиын шақта Ағыбай, Иман,Бұқарбай, Наурызбай сияқты ер жүрек батырлар хан Кененің тірегі болды. Кенесары ханның басты мақсаты ел мен жердің тұтастығын, ұлтымыздың тәуелсіздігін сақтап қалу еді. М.Әуезовтің «Хан Кене» трагедиясы осы тарихи шындықты көркем тілмен жеткізген алғашқы пьеса.

Усенбаева Айнур Онгарбаевна

СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ДАМЫТУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Ақтөбе қаласы, «№74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ қазақтілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Сөйлеу мәдениеті әр адамның өмірінде маңызды рөл атқарады, оның қарым-қатынаста да, кәсіби салада да табысқа жетуіне әсер етеді. Ол біздің өз ойымызды білдіру, түсіну және басқа адамдармен қарым-қатынас жасау қабілетімізді анықтайды. Сөйлеу мәдениетін дамыту жұмыстарын ұйымдастыру ойды анық, әдемі жеткізуді қалыптастыру үшін ғана емес, өзіне деген сенімділікті арттыру, кәсіби өсу үшін де маңызды. Бұл мақалада біз осындай жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі аспектілерін қарастырамыз.

1. Сөйлеу мәдениетінің маңыздылығын түсіну

Сөйлеу мәдениетін дамыту жұмыстарын ұйымдастырудың бірінші қадамы оның маңыздылығын сезіну болып табылады. Сөйлеу мәдениеті басқалармен табысты қарым-қатынас орнатуға, кәсіби қызметте мақсаттарға жетуге және қоғамдық өмірге қатысуға көмектеседі. Ол жеке адамды басқа адамдардың қабылдауына және оның қоғамдағы бейнесіне әсер етеді. Сондықтан сөйлеу мәдениетін дамыту тұлғалық және кәсіби өсудің негізгі аспектісі болып табылады.

2. Мақсаттар мен міндеттерді қалыптастыру

Сөйлеу мәдениетін дамыту жұмыстарын ұйымдастыру нақты мақсаттар мен міндеттерді анықтаудан басталады. Бұл артикуляцияны жақсарту, сөздік қорын кеңейту, дәлелді сөйлеу қабілетін дамыту немесе көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын жетілдіру болуы мүмкін. Әрбір мақсат нақты тұжырымдалуы және жетістіктерді бағалаудың белгілі критерийлері болуы керек.

3. Оқыту әдістері мен құралдарын таңдау

Сөйлеу мәдениетін дамытуға ықпал ететін оқытудың көптеген әдістері мен құралдары бар. Олардың ішінде: - Риторика және шешендік өнер сабақтары, онда олар логикалық және дәлелді дәлелдер құрастыруды, тыныс алуды және интонацияны бақылауды үйренеді.

- Ой-өрісіңізді кеңейту және сөздік қорыңызды байыту үшін әдеби және мәдени мәтіндерді оқу.

- Ана тілінде сөйлейтіндермен немесе сөйлеу мәдениеті саласындағы тәжірибелі мамандармен қарым-қатынас жасауға машықтандыру.

- Айтылым қолданбалары мен онлайн курстар сияқты заманауи технологияларды пайдалану. Нақты әдістерді таңдау тыңдаушылардың мақсаттары мен ерекшеліктеріне байланысты.

4. Прогресті бағалау жүйесін құру.

Сөйлеу мәдениетін дамыту жұмыстарының тиімділігі жүйелі түрде бағалануы керек. Ол үшін артикуляция деңгейін, сөздік қорын, сауаттылығын және ойды жеткізу қабілетін бағалайтын әртүрлі әдістер мен тесттерді қолдануға болады. Тұрақты есеп беру және кері байланыс білім алушыларға да, мұғалімдерге де қай әдістер тиімді екенін және қайсысы түзетуді қажет ететінін түсінуге көмектеседі.

5. Қолдау және мотивация.

Сөйлеу мәдениетін дамыту жұмыстарын ұйымдастыру тек оқытуды ғана емес, басқалардың да қолдауын қажет етеді. Әркім өз ойын еркін жеткізе алатын және сөйлеу тәжірибесін жасай алатын сенім мен қолдау атмосферасын құру маңызды. Біліктілікті табысты дамытуда жетістіктерді марапаттау және дамуды ынталандыру да маңызды рөл атқарады.

Қорыта айтқанда, өйлеу мәдениетін дамыту бойынша жұмысты ұйымдастыру – бұл білім алушылардың да, мұғалімдердің де, басқалардың да күш-жігерін талап ететін ұзақ мерзімді процесс. Алайда, бұл күш-жігер ақталады, өйткені сөйлеу мәдениеті жеке және кәсіби өсудің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, қоғамдағы табысты өзара әрекеттесуге және өмірлік мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді.

Хайрманова Элеонора Оразалықызы

СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Ақтөбе қаласы, №78 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Адамзат баласын өзге тіршілік иелерінен ерекшелеп тұратын ең негізгі дүние сана екені баршаға аян. Ал сол санадан шыққан әр ойды сөзге айналдырып жеткізуші құрал - тіл болып табылады. Әрине, жан-жануар атаулының барлығы дыбыстау қабілетіне ие, бірақ адам баласына тән жылау, қуану, мұңаю, риза болу, жеку, бұйыру, шаттану, ән айту тағы сол секілді эмоциялық өзгерістер ойлау қабілетінің жоғары деңгейінен пайда болатын құбылыс. Аталмыш құбылыстар сыртқы ортаға тіл арқылы шығады. Тілден сөз туады. Сөз - ойдың жемісі. Әр адамның аузынан шыққан сөз оның өскен ортасы, алған тәлім-тәрбиесі, мінез-құлқының айнасы іспетті. «Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер»- дейді халық даналығы. Өз ойыңды әдемі жеткізу де бір өнер. Қарым-қатынасқа түскенде адамды қиын-қыстаудан құтқаратын да, орынсыз жерде ойсыратып, ұятқа қалдыратын да, жаныңа шипа болатын да, жараңа тұз болатын да бір ауыз сөз. «Тіл тас жарар, тас жармаса бас жарар»- деген сөз бекер айтылмаса керек-ті. Мысалы делік, жақыны қайтқан бір туысыңның жанында тұрып көңілді әңгіме айтып, күле бергеннің келісі

жоқ. Ақылын айтып, көңіліне медеу болар, өмірге құштарылғын қайта оятар, есін жиғызар жылы, жақсы сөз айта білген жөн. Немесе көңілді тойда тілек кезегін алған жағдайда елдің айтқанын қайталап, әр сөздің басын бір шалып, шашырап тұрғаннан, жып-жинақы, әсерлі, әдемі ой айта алсаң, қаумалаған халықтың «бәрекелдісін» естірің анық. Ал бұндай шаршы топта сөз бастау кез келген адамның қолынан келе бермейді.

Топ алдында сөйлеуші өзіне артылған үлкен жауапкершілікті сезіне білу керек. Сөйлеу мәдениеті дегеніміз - сөздерді ретімен , орнымен қолданып, негізгі тақырыптан ауытқымай, артық ауыз сөз қоспай, теп-тегіс жұп-жұмыр сөйлеу, ауыз екі сөйлеу стилінен қашқақтап, лексикалық, морфологиялық ерекшеліктерді ескеру.

Бұл жағдайда сөйлеушінің сөздік қорының молдығы аса маңызды. Тіл байлығын қалыптастыруға қажетті басты құрал – көркем әдебиет стилі, оның ішінде ежелден ұтымды сөз, ұшқыр ойдың ұйытқысы болған, ағайын арасындағы, халық пен билік арасындағы, тіпті руаралық , халықаралық мәселелердің оңтайлы шешілуіне негіз бола білген тарихи құндылығымыз- шешендік өнер жанры боп табылады. Шешендік өнер ғылым ретінде біздің жыл санауымыздан бес-алты ғасыр бұрын қалыптасқан. Шешендік өнерді ғылыми тілде риторика дейді.Риторика ғылымының негізін салушы грек Софист Протогор деп есептелінеді. Қазақтың шешендік өнері – XII-XIII ғасырларда Майқы би мен Аяз билерден басталады. Асан қайғы мен Жиренше шешендер тұсында дамып, XIIIғасырда өркендей түскен. Шешендік өнер — ақындар айтысы секілді қазақ ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшелігін көрсететін негізгі жанрларының бірі. Шешендік өнер айтыс-дауларда туып, дамиды. Сондықтан елдің, ердің тағдыры сарапқа түсетін, соғыс-бітім секілді маңызды мәселелер сөз болатын сот залдары, парламент сарайлары, сондай-ақ неғұрлым халық көп жиналатын астар мен тойлар, міне, сондай сарабдал шешендер мен саяси қайраткерлер сөз сайысына түсетін, сыннан өтетін және шыныгып шыңдалатын орындар, форумдар болған. Есімдері әлемге әйгілі тілмаш шешендердің, көбінесе, мемлекет қайраткерлерінен, заң қызметкерлерінен, парламент мүшелерінен шығатыны кездейсоқ емес. Мәселен, ежелгі Афин (грек) шешені Демосфен, Рим шешені Цицерон әуелі адвокат, кейін парламент басшылары болған. Ал XIX—XX ғасырларда өмір сүрген орыс шешендері П.А. Александров, Ф.Н. Плевако, А.Ф. Кони адвокаттар еді. Сол сияқты белгілі қазақ шешендері: Төле Әлібекұлы (1663—1756), Қазыбек Қелдібекұлы (1667—1764) және Әйтеке Бәйбекұлы (1682—1766) дау-жанжалды шешетін билер болған.

Қазақ шешендік өнерінің жалпы шешендік өнерден өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен, қазақ шешендерінің сөздері ауызекі айтылып, ауызша таралған, қағазда емес, халық жадында сақталған. Сондықтан да олар бастапқы қалпында емес, бізге, кейінгі ұрпаққа ұзын-ұрғасы, үзік-жұрнағы ғана жеткен, олардың өзі де ауыздан-ауызға ауыса жүріп, өңдеу-жөндеуге ұшыраған, әлденеше ұрпақтың, талай таптың санасынан, сарабынан өткен, сөйтіп, қысқарып, ұстарып, жалпы халық шығармасына айналған. Сондай шығарманың біріне тоқталсақ, Бірде хан мен Жиренше жол жүріп келе жатса, алдарынан желге ілесе домалап бара жатқан қаңбақты көреді, Хан Жиреншеге:

-Ана қаңбақ қайдан келеді, қайда барады, сұрашы – депті. Жиренше саспастан «Қазір!» деп шауып барып, қаңбақты қамшымен тежей тоқтатып, сәл кідіріп қайтып келеді. Хан:

-Сұрадың ба? Не деді? -десе, Жиренше:

-Менің ұшарымды жел, қонарымды сай білер, осыны сұраған сен ақымақсың ба, әлде сұратқан хан ақымақ па деді, тақсыр!- деп жауап беріпті.

Тағы бірде хан Жиреншені шақырып алып, алдына жүз бас еркек тоқты беріп, «Осыдан келер жыл жүз бас қозы алмасаң, басыңды аламын!» деп қоя беріпті. Амалы таусылған Жиренше үйіне келіп, болған

жайды жары Қарашашқа айтыпты. Қарашаш:

- Оны ойлама! Хан берген тоқтыларды сойып жеп отыра берейік, қалғанын келер жылы көрерміз. – дейді. Арада жыл өткенде хан Жиреншенің үйіне өзі келеді. Үйден қолы қанға боялған Қарашаш шығады. Хан шошып:

- Не болды? – дейді. Қарашаш:

- Тақсыр, сүйінші! Жиренше босанып жатыр! – деп жауап береді. Хан аңырып:

- Ау, о заманда бұ заман, ер адам туатын ба еді?!- десе, Қарашаш:

- Тақсыр, о заманда, бұ заман еркек тоқты қозы туа ма?- деген екен. Сөзден ұтылған хан Жиреншеге ат басындай алтын және тағы жүз бас тоқты беріп, жөніне кете беріпті.

Ұтқыр шешім, ұтымды жауап арқылы қаһарын төккен ханның да өзін сөзден жеңген шешендер қазақта аз емес. Олардың қатарына Сырым, Бұқар, Қазыбек, Төле, Әйтеке, ж.т.б жатады. Сөзіме тұздық ретінде қалмақ билеушісі Қалден Цереннің алдында қасқайып тұрып:

Біз -қазақ деген мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Еліміздің құт-береке қашпасын деп
Жеріміздің шетін жау баспасын деп
Жылқы қылын найзасына таққан елміз.
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз.
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәм-тұзды ақтай білген елміз.
Асқақтаған хан болса,
Хан ордасын таптай білген елміз.
Атадан ұл туса,
Құл болам деп тумайды.
Анадан қыз туса,
Күң болам деп тумайды
Сен темір де, мен көмір – еріткелі келгенмін,
Қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенмін.
Танымайтын жат елге — танысқалы келгенмін,
Танысуға көнбесең – шабысқалы келгенмін.
Сен қабылан, мен арыстан – алысқалы келгенмін, тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз.

Бітім берсең – жөніңді айт, бермесең – тұрысатын жеріңді айт»- деп, қазақтың бар болмыс-бітімін, мінез-құлқын, арман-тілегін көрсете білген Қазыбек бабамыздың сөзін алсақ болады. Бұл сөзде достыққа шақыру да бар, айбат шегу де бар, келісімге үндеу де бар. Осындай айбарлы сөзді жоңғар қонтайшысының алдында қаймықпастан айтып, қазақ тұтқындарының босап шығуына себепкер болған Қазыбек бабамыз ол кезде небары 14 жаста болған деседі. Өз тілінде сөйлеуге қиналатын, екі сөздің бірінде жаргон, дисфимизмдермен, анайы сөздер қосып, тілімізді ластап болған жасөспірімдерге, ел болашағын ойлап, ой айтпақ түгілі, өз болашағына бейқам қарайтын, саналарын әлеуметтік желідегі еш пайдасы жоқ арзан дүниелермен суарып жатқан ұрпаққа үлгі – өнеге болатын осындай қанатты сөздер оқулықтарда жоқтың қасы.

Ал кітапханалардан барып оқуға қазіргілердің ынтасы төмендеу болып тұр. Ұлттық тәрбиенің қайнар көзі, ұлттық құндылықтарымыздан сыр шертер, ана тіліміздің қадір-қасиетін түйсінтер, әдебиетіміздің асыл қазынасы- шешендік өнерді кеңінен дәріптеу- саналы, отансүйгіш, ұлтжанды ұрпақтың өсіп-жетілуіне кепіл болары хақ.

Демек шешендік өнердің тарих қойнауында қалып қоймай, жаһандық өзгеріс заманында жас ұрпақпен бірге жаңғырып отыруына ықпал жасау бүгінгінің міндеттерінің бірі болу керек.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ОҚУШЫНЫҢ ОҚУ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Шудабаева Сулушаш Кыдырбайқызы

Ақтөбе облысы Алға мектеп-гимназиясы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Бала белсенділігінің ең алғашқы формасының бірі қарым-қатынас жасау белсенділігі екенін ескерсек, ойын элементі қызығушылықты оятады. Бұл -адамның бүкіл өмірінде дамитын белсенділік. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес басқа адамдар мен қарым-қатынас жасау белсенділігінің мазмұны өзгеріп отырады. Мектеп жасына дейінгі балалар ересек адамдардың әрекеттеріне үңіле қарап, үйренеді, оларға еліктейді. Көбінесе балардың ойындарда адамдардың іс-әрекеттері, тұрмысы, өзара қатынасы қамтылып көрсетіледі, ұжымдық өмір дағдылары қалыптаса бастайды. Ойын барысында балалардың құрдастарымен де өзара қатынасы өзгереді. Олар басқа балалармен ойнауға тілек білдіреді, еңбекке байланысты тапсырмаларды бірігіп, орындауға, өз қылықтарын ережеге бағындыруға, керексіз әдеттерді тежеуге, кедергіні ығыстыруға үйренеді. Әр түрлі ойын баланың дүниетенымын кеңейтіп, қарым-қатынас жасау белсенділігін дамытады.

Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері — мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті, сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Өйткені, кіші жастағы оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға өте ынталы келеді. Балалар тез сергіп, тапсырмаларды тез, әрі қызығып орындайтын болады. Ойын балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін, қызығушылығын арттырудағы басты құрал. Ойын барысында балалардың белсенділігі, шығармашылығы дамиды. Ал мұғалімнің міндеті — балаларды ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз ету. Ойын мен адам мәдениетінің өзара байланысы ғылыми түрде анықталды. Олардың тұлғаны дамытудағы маңызы анықталды, оның психологиялық және әлеуметтік факторлармен келісімі жөнінде кең қарастырылуда. Ойын технологиялары әлі де білім беру саласында жаңа инновация болып табылады. Педагогикалық технология ұғымы түрлі педагогикалық ойын түрлерін педагогикалық процесте әдістер мен тәсілдердің кең көлемді топтарын біріктіреді, оның жалпы ойындардан ерекшелігі оқытуда нақты мақсатының қойылуымен және оның оқу-танымдық бағыты сипатталған, негізі салынған педагогикалық нәтижесіне сай анықталады.

Тіпті нашар оқитын оқушының өзі ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды. Оқушылардың қызығушылықтарын туғызатын ойындардың бірі — дидактикалық ойындар. Ойын элементтерін қолдана отырып мұғалім оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Атап айтқанда, мұғалім ойын жағдаяттарын туғыза отырып, әртүрлі заттарды қолдану арқылы сұрақтар қойып, затты көрсетіп, түсіндіріп ойын сюжетін құрастырады. Бастауыш сыныптардың тіл сабақтарында дидактикалық ойындарды жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, жаттығу сабақтарында да пайдалануға болады. Бастауыш сынып оқушылары әлі де ойын баласы, сондықтан мұғалім оларды жалықтырмай әртүрлі ойын түрлерімен сабақты қызықты өткізуге тырысу керек.. Ойындар оқушылардың ой

— өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер ететіні тәжірибеде дәлелденген.

Ойын әрекеті балалардың бағалы өмірінің алғашқы күндерінен бастап-ақ маңызды болған. Ұлт ойындары отбасы тәрбиесінен бастап, мектептегі жеке пәндерді оқыту барысында қосымша материал үшін, баланың сол пәнге қызығушылығын арттыру үшін пайдалануға болады. Сабақта ойын түрлерін пайдалану сабақ түрлері мен әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір буыны болмақ. Ойын түрлерін оқу процесін пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезеңдерінде, қайталау сабақтарында пайдалануға болады. Ойын түрлерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса, оның танымдылық маңызы да арта түсетіндігі сөзсіз.

Ойынды ерте заманнан үлкендердің іс-тәжірибесін жеткіншек ұрпаққа жеткізу үшін пайдаланған. Ойын халық педагогикасында, мектепке дейінгі және мектептен тыс мекемелерде кеңінен пайдаланылған. Қазіргі мектепте ойын әрекеті ойын пәнінің тарауын және тақырыбын түсіну үшін өздік технология ретінде, жалпы технологияның элементі ретінде, сабақ немесе оның бір бөлігі ретінде, сыныптан тыс жұмыстың технологиясы ретінде қолданылады. Қазақ тілі сабағында ойын технологиясын қолдану арқылы оқушыларының тілге деген қызығушылығын қалыптастыру: *е*ңбек, ойын және оқу ерте кезден-ақ адам тіршілігінің негізгі үш тірегі болып есептелінген. Ойын технологиясы - балалардың айналасын тану қызметіндегі белсенділігі мен шығармашылығының қалыптасуына жолды кең ашатын табиғи құбылыс.

Ойын барысында грамматикалық анықтамаларды, тілдік нормаларды игерту мүмкіндіктері мол болады. Адамның жас ерекшелігіне қарамай, яғни адам балалық шағынан бастап кәрілікке жеткенше ойын қажеттілігі жетелеп отырады. Ал жас баланың ой-өрісі ойын арқылы дамиды. Ойын барысында баланың адамгершілік қасиеттері, өмірге деген көзқарасы, қызығушылығы қалыптасады. Ойын арқылы сыныптағы нашар оқитын оқушыларды да сабаққа нәтижелі тартуға болады. Қазақ тілі сабақтарында рөлдік ойындардың маңызы зор. Ойын оқушылардың сол орындалатын іс-әрекеттер арқылы тіл үйренуге деген сенімін қалыптастырады.

Сабақтарда қолданатын ойын элементтері оқушылардың белсенділігін арттырып, оларды ынталандырады, теориялық білімдерін практикада қолдануға үйретеді. Кез келген ойын элементі сабақта екі түрлі мақсатқа бағытталады. Оның біріншісі – оқушының сабаққа қызығушылығын, ынтасын арттыру, тілін дамыту, екіншісі – оқушыларды тапқырлыққа баулып, зейініне, ойлау қабілетін арттыру.

Қорыта айтқанда, оқу белсенділігін арттыру үлкен ізденіс пен жаңашылдықты талап етеді. Оқушыны ынталандыру бағытында тынбай еңбек еткенде ғана жемісін көретініміз сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Қоянбаев Ж.Б. Қоянбаев Р.М. Педагогика – Алматы, 2004.

2. Қойшыбаева А. Оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастыру. /Қазақ тілі мен әдебиеті, №7. Б. 59-61.

3. Рамазанқызы Ә. Оқушылардың белсенділін арттырудың тиімді жолдары/ Қазақ тілі мен әдебиеті, № 3, 49-52 б.

4. Сабыров Т. Оқушының оқу белсенділігін арттыру жолдары. Алматы.: Мектеп, 1978.

5. С. Жәнібекова Оқушылардың ойлау белсенділігін дамыту.// Бастауыш мектеп. 1999. - № 7. - 13-15 б.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ЭФФЕКТИВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ: СТРУКТУРА, СТРАТЕГИЯ, ПЕРСОНАЛ

Гумарова Гульнар Урынбаевна

директор сменной (вечерней) общеобразовательной школы №44 г.Актобе

Согласно Закону Республики Казахстан «Об образовании» право на образование обеспечивается государством путем развития системы образования, совершенствования правовой основы ее функционирования и создания необходимых социально-экономических условий для получения образования в соответствии с Конституцией Республики Казахстан.

Необходимость совершенствования отечественного образования возрастает в связи с поставленной государством целью – войти в 30 развитых стран мира. Достижение намеченной цели невозможно без конкурентоспособного человеческого капитала и развитой научной инновационной системы. Несмотря на проводимые реформы, в системе образования существует немало проблем, решение которых требует незамедлительного участия всех ответственных и заинтересованных лиц. Одним из уровней образования, ответственным за формирование высокообразованной и духовно-нравственной личности, является школьное образование.

Школа – это многообразный живой организм, который немыслим без управления. Четкое определение функциональных обязанностей позволяет в полной мере отвечать за порученное дело.

Считаю, как «управленец» - в педагогическом коллективе необходима строгая согласованность действий всех членов педагогического коллектива. Педагогический коллектив должен выступать перед детским коллективом как нечто целое, недопустим разнобой в действиях руководителей, разное толкование тех или иных вопросов, разные требования к учителям.

Для руководителя школы характерно одно главное качество - ***умение организовать работу коллектива, организовать целостный педагогический процесс***. Во главе учителей должен стоять человек, который в состоянии сплотить вокруг себя коллектив единомышленников, основанный на сотрудничестве и взаимопонимании. Все усилия должны быть направлены на поддержание рабочего ритма в коллективе, создание положительного микроклимата, приятного и продуктивного взаимодействия сотрудников в школе.

Кроме того, руководитель должен уделять время для своего профессионального роста – заниматься самообразованием, принимать участие в вебинарах и семинарах, встречаться со специалистами, проходить курсы повышения квалификации.

Можно разработать ряд правил, которых надо придерживаться в своей работе:

1.Отсутствие в первой половине рабочего дня разборов различных конфликтных ситуаций, длительных бесед и разговоров “по душам” с подчиненными. Все попытки отвлечь от решения текущих заранее запланированных задач пресекаются вежливо, но решительно. Таким образом все учителя постепенно привыкнут к тому, что все беседы и разговоры проводятся в конце рабочего дня.

2. Все вопросы, касающиеся компетенции тех или иных сотрудников не решают в их отсутствии, т.к. в последствии придется затрачивать дополнительное время на перепоручение дел другим людям, передачу им нужной информации, их убеждение и т.д. Кроме того, принятие решений по вопросам, входящих в компетенцию отсутствующих сотрудников может отрицательно сказаться на их самостоятельности, инициативе, задеть самолюбие.

3.Максимально использовать в повседневной работе компьютер и другие средств передачи оперативной информации.

Основными приоритетами деятельности современной школы являются: формирование у школьников ключевых компетентностей; формирование физически здоровой личности, приобщение обучающихся к ведению здорового образа жизни; усиление воспитательного потенциала школы; укрепление материально-технической базы школы; повышение качества образования. Для достижения этих задач определяются различные этапы управленческой деятельности. Важную роль играют мониторинг, диагностика, коррекция. Одним из основных этапов педагогического мониторинга является анализ качества образования современных школьников по ступеням обучения, анализ уровня промежуточной и итоговой аттестации по предметам с целью выявления недостатков в работе педагогического коллектива.

Стратегическая задача – обеспечение современного качества образования на основе сохранения его фундаментальности и соответствия актуальным и перспективным потребностям личности, общества и государства. Это реализуется, созданием модели управления качеством образования в школе, включающей: внедрение в образовательный процесс современных, передовыхтехнологий; создание творческого, высокопрофессионального коллектива учителей, принимающих идеи управления качеством образования; сочетание администрирования, программно-

целевого управления с самоуправлением, элементами рефлексивного управления; эффективное использование и управления всеми видами ресурсов, включая кадровые, информационные, мотивационные, программно-методические, нормативно-правовые, организационные, материально-технические и финансовые.

В конкретных условиях администрация школы сможет найти и другие средства организации, способы повышения управляемости своей школы.

Управляемость школы предполагает:

1. Возможность и умение администрации школы достаточно быстро и периодично получать показатели, объективно характеризующие работу школы, дающие возможность своевременно обнаружить отклонение от принятых норм. Эта возможность может быть реализована через периодическую проверку знаний учащихся, уровня их воспитанности, через наблюдение уроков, внеучебных занятий, посредством графика успеваемости и т. п.

2. Возможность максимального использования этих показателей администрацией школы, своевременной их оценки (переработки) и принятия решений о возможном изменении режима работы. Это предполагает наличие у руководителя школы достаточно высокой педагогической квалификации, знания современных достижений педагогической науки и практики, а также требований окружающей жизни.

3. Достаточная деловая квалификация учительского коллектива, способность педагогов с учетом условий критически оценить и изменить содержание и методы своей работы. Это условие производное, так как восприимчивость педагогов к указаниям администрации пропорциональна ценности и объективной необходимости этих указаний и воспитывается стилем работы директора школы.

4. Способность школьного коллектива к самоорганизации, к самостоятельному урегулированию конфликтов, к устранению отрицательных отклонений в процессе работы без вмешательства администрации. Этот своеобразный автоматизм, очевидно, может быть достигнут лишь в результате длительного четкого управления школой со стороны директора.

Как было сказано выше, одним из важных условий повышения качества образования в современной школе является уровень профессиональной компетентности учителя, который должен находиться в постоянном и непрерывном развитии. Это может быть реализовано, если методическая работа обеспечивает целенаправленное, непрерывное, личностно-ориентированное повышение профессиональных компетентностей учителя и содействовать его переводу на саморегулируемый процесс. Целью деятельности учителей является

формирование свободной социально-компетентной творческой личности, способной к саморазвитию и самореализации с использованием системного личностно-ориентированного подхода к процессу обучения. Администрация школы должна создавать условия профессионального роста педагогических кадров, так как развитие школы невозможно без личностного и профессионального развития его персонала. Ни для кого не секрет, что в современном обществе изменился социальный состав родителей и контингент учащихся, изменился заказ родителей. При этом педагоги почувствовали необходимость в прохождении профессиональной переподготовки, овладении новыми педтехнологиями и информационными в том числе; изучении психологии, современных воспитательных программ; поиска новых форм работы с родителями; развития дополнительного образования, сохранения и укрепления здоровья детей. Но как показывает практика, достичь этого бывает достаточно сложно.

Пути решения данной проблемы в школах мы видим:

1. В овладении педагогами личностно-ориентированными технологиями, методом проектов через посещение курсов, через семинары, творческие отчеты, через участие в творческой деятельности по плану самообразования в соответствии с единой методической темой.

2. В изучении педагогами современных воспитательных программ через посещение курсов, семинаров, через участие в творческой деятельности.

3. В прохождении педагогами плановых курсов повышения квалификации и профессиональной переподготовки.

4. В создании условий для сохранения и укрепления здоровья детей, для этого продолжать работу по овладению здоровьесберегающими технологиями.

5. В развитии дополнительного образования через организацию новых курсов, кружков, через систему внеурочной деятельности, через элективные курсы.

6. В применении новых форм работы с родителями, в совершенствовании психолого-педагогического просвещения родителей и т.д.

Решение данных задач определяет требования к учебно-воспитательному процессу, в рамках которого осуществляется обучение и воспитание учащихся. Администрация школы проводит мониторинг, координирует и регулирует образовательно-воспитательный процесс и усилия учителей, обеспечивая их соответствующей информацией и создавая условия для эффективного обучения и воспитания учащихся и профессионального роста самого учителя.

В условиях происходящих преобразований характер процесса управления обучением, воспитанием и развитием личности стал

ориентироваться на конечные результаты, что предполагает поиск путей обновления принципов, методов, содержания управления.

Мы придерживаемся подхода, в котором управление школой рассматривается как взаимодействие администрации, трудового коллектива, учащихся, родителей, общественности, различных организаций и ведомств по реализации познавательных, воспитательных целей и целей развития учащихся на основе решения кадровых, материально-финансовых, организационных, педагогических и других задач. Решая эти задачи, по сути, мы создаем условия для организации учебно-воспитательного процесса. Решение каждой из перечисленных задач осуществляется на основе: анализа; принятия управленческого решения; целеполагания; планирования и прогнозирования; организации исполнения; контроля; руководства.

Учебно-воспитательный процесс не всегда осуществляется по заранее намеченному плану. Иногда возникают непредвиденные обстоятельства, и именно педагогический контроль позволяет своевременно устранить появляющиеся трудности в ходе учебно-воспитательной деятельности, выявить причины несвоевременного выполнения учебных и воспитательных программ.

Методы работы с коллективом:

1	Лояльность к человеческим ресурсам
2	Ответственность как обязательное условие успешного управления
3	Атмосфера, способствующая раскрытию способностей учителей.
4	Долевое участие каждого в общих результатах (участие в конкурсах различных уровней, подготовка учащихся к олимпиадам, ВОУДу, ЕНТ.)
5	Своевременная реакция на изменения во внешней среде (изучение и применение новых нормативных документов).
6	Методы работы с сотрудниками, направленные на создание у них чувства удовлетворенности от своей деятельности.
7	Честное отношение и доверие к людям.
8	Четкое представление о месте и роли своей школы в будущем.
9	Постоянное совершенствование качества личной работы

Великий Абай говорил: «Сила человека заключается в его разуме и знаниях». Слова мыслителя казахского народа остаются актуальными и в наши дни, когда в условиях расширения процессов глобализации, образование становится главным фактором развития общества. Эти тенденции глубже проникают в сферу казахстанского образования, ложатся в основу происходящих перемен.

Учебно-воспитательный процесс в школе подчинен главной национальной стратегии 12-летнего образования, провозгласившей воспитание и обучение компетентной личности, готовой к эффективному участию в жизни страны. Важное значение в обеспечении успешной деятельности педагогов имеет совершенствование системы управления, создание благоприятных условий для работы, повышение статуса педагогических работников.

Успех любой школы зависит от её сотрудников. Не случайно менеджмент - это, прежде всего, управление людьми.

Современное качество образовательных услуг зависит от профессионального опыта и организационных навыков руководящих кадров, умелого применения ими инновационных технологии. Мы в полной мере осознаем значимость возложенной на школу ответственности и стараемся улучшить уровень менеджмента в школе.

Обязательным условием менеджмента является успех.

Его источником могут служить:

- точная постановка цели в каждой ситуации.

-интеграция усилий к достижению цели.

- постоянный анализ ситуаций и проблем.

- использование критики как мотива развития, а не как оружия, от которого нужно защищаться.

Правила современного менеджмента

- Управленческая деятельность во многом зависит от организационных начал.

- Самый мудрый приказ будет фикцией, если не организовано его исполнение и контроль.

- Не бойтесь увидеть проблему, тогда и только тогда вы сможет ею управлять.

- Формула 6П - гласит: «Планированием предваряют правильные поступки и предотвращают плохие».

Мышление на далекую перспективу сопровождается высоким качеством принимаемых решений при достижении краткосрочных целей.

«Один в поле не воин»- народная пословица. Если руководитель будет делать все сам, то у него не останется время на более важную работу. Чем меньше практических операции руководитель оставит за собой, тем больше будет времени для осуществления руководства.

Как побудить учителя работать эффективнее?

Психологами доказано, что человек может лучше выполнить задание, если его будут поощрять и использовать метод положительного стимулирования.

Менеджеру:

- Важно создать благоприятную рабочую обстановку, что позволит учителю работать творчески.

- Дать почувствовать учителю себя в безопасности.

- Открыть каналы общения.

- Создать и поддержать атмосферу доверия и самоуважения.

- Совершенствовать самое гласное достояние – свой коллектив.

Крупные достижения как правило, немногочисленны и повторяются нечасто.

Работа учителя представляет собой серию каждодневных свершений, которые постепенно складываются в более крупные. Если мы будем ожидать момента для поощрения учителя, когда они достигнут незначительного успеха, ждать вероятно придется долго.

Поэтому важно поощрять учителя за небольшие успехи.

Мысли об управлении:

1	«Опека убивает инициативу. Если учитель должен выкладываться на 100%, у нужна свобода действий» Смарт Дж.
2	«Руководить – это значит не мешать хорошим людям работать» Петр Капица
3	«Не позволяя подчиненным участвовать в обсуждении, руководитель уменьшает производительность каждого из них. Тайна успеха- диалог» Смарт Дж.
4	«Наказания, достигаемые в припадке гнева, не достигают цели» Иммануил Кант
5	Я никогда не говорю: «Мне нужно, чтобы вы это сделали» Я говорю: «Мне интересно, сумеете ли вы это сделать» Генри Форд

Таким образом, управление развитием школы – это целенаправленный процесс, призванный обеспечить наращивание потенциала школы и повышение уровня его использования за счёт освоения определённых новшеств. Управление школой – научно обоснованные действия администрации и педагогов, направленные на рациональное использование времени и сил преподавателей и учащихся в учебно-воспитательном процессе с целью углубленного изучения учебных предметов, воспитания, подготовки к сознательному выбору профессии и всестороннего развития личности

Список литературы.

1.Кулжабаева Л.С.,кандидат психологических наук, доцент Бухарбаев Булат

Магистрант университета «Туран» г. Астана, Республика Казахстан

«Совершенствование системы школьного образования в Республике Казахстан»;

2.Семенов В.Д. Взаимодействие школы и социальной среды: Опыт исследования/ М., 2006;

3.Симонов В.П. Педагогический менеджмент: 50 НОУ-ХАУ в управлении педагогическими системами. М., 2005;

4. Ж.К. Буканова, Ж.К. Каримова, Г.Т. Ильясова, Б. Б. Масатова, и др. Астана: «Национальный доклад «Молодежь Казахстана - 2013». НИЦ «Молодежь», 2013;

5.По данным сайта /*www.kazinvestexpo.org/kz/publication/view/.*

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

САБАҚТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ

Темирова Жанар Кенжегалиевна

Ақтөбе қаласы №27 орта мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, өзіне - өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше. Бастауыш саты – білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Біздің міндетіміз – жеке тұлғаны дамытып, білімге деген сенімін нығайту, оқуға қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру. Жас ұрпақты жан - жақты жетілген, ақыл - парасатты, ой - өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең өзекті мәселесі.

«Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын оятып, танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау».

Әр сабағымды қызықты, өзгеше өткізу үшін, әр пән бойынша көптеген жұмыстар жасауға тура келеді.

Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта - ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейтіп толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу, сызу сияқты жұмыстар істеуі керек. Өйткені өтілген материалды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес. Яғни оқушылардың белсенділігі ауызша, жазбаша жұмыстарда, бақылау эксперименттер жүргізу жұмыстарында, бір сөзбен айтқанда, оқу үрдісінің барлық кезеңінде қажет.

Ал, «таным – ойдың білмеуден білуге қарай дәл емес, білуден неғұрлым толық дәл білуге қарай ұмтылатын ой - өрісінің күрделі үрдісі».

Танымдық белсенділік көп түрлі тұлғалық қатынастардың қалыптасуымен тығыз байланысты. Танымдық әрекеттің белгілі бір ғылым саласымен таңдаулы қатынасы, танымдық әрекеті, оларға қатысу және қатысушылармен танымдық қарым - қатынасы маңызды келеді. Сонымен бірге, адамның барлық жоғарғы таным процестерінің өзінің даму деңгейінен белсендіруде танымдылық белсенділік тұлғаның шындықты қайта құру әрекеті нәтижесінде ұдайы ізденіске жетелейді. Баланың жеке тұлғасында танымдық белсенділігінің дамуы бес - алты жас аралығында қарқынды келеді. Бұл әсіресе баланы логикалық тапсырмаларды белсенді орындауы, жауап кілтін табуға ширақ келуі,

білуге деген ұмтылысы танымдық ойындар арқылы оқу әрекетінің міндеттерін шешуде айқын көрінеді.

Оқу үрдісінде оқушының белсенділігі, негізінен екі түрлі сипатта болады: сыртқы және ішкі белсенділік.

Сыртқы белсенділік дегеніміз – оқушы әрекетінің сыртқы көріністері (белсенді қимыл қозғалыстары, практикалық әрекеттері, мұғалімге зейін қойып қарауы, әрекеті т. б.) бірақ осы кезде ол басқа нәрсені ойлап отыруы да мүмкін. Оқушының ішкі белсенділігіне оның белсенді түрде ойлау әрекеті жатады. Оқушы белсенділігі қандай болғанда да ой дербестігіне сүйенеді. Оқыту үрдісінде оқушылардың белсенділігін дамытуды мақсат еткен мұғалім сабақтың барлық кезеңдерінде олардың ой дербестігін дамытуға тырысады. Оқушыларда жас ерекшеліктеріне және психикалық даму дәрежесіне қарай белсенділіктің бірнеше түрі қалыптасып дамиды: қимыл, сөйлеу, ойлау, таным, өзін-өзі тәрбиелеу, қызығушылық, шығармашылық т.б. белсенділіктер. Мұғалімнің шығармашылық ізденісінің ең бастысы – оқушының ойлау қабілетін дамыту және оқуға деген ынтасын қалыптастыру. Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек. Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкілхалықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді. Оқу материалын терең меңгеруге тек оқушылармен жүргізетін жаттығу жұмыстарының нәтижесінде қол жеткізуге болады.

Сондықтан мұғалім оқушылардың танымдық қабілетін дамытуда мына қағидаларға сүйенеді:

1. Жаттығу жұмысы пәннің мәніне, тақырыпқа логикалық байланыста болуы керек.

2. Жаттығуларға сұрақтар жүйесі оқушылардың ойлау қабілетін дамытарлықтай болуы тиіс.

3. Жаттығу жұмысы сабақтың барлық кезінде болуы керек. Жаңа сабақты түсіндіруде, бекіту кезінде, білімді тексеруде, сондай - ақ қайталауда да қолданылады.

Қазіргі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндетінің тұрғаны баршамызға белгілі. Осы орайда, оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудың маңызды мәселе екендігі туындайды.

Шығармашылық тапсырма кез - келген интерактивті әдістің мазмұны мен негізін құрайды. Оның айналасында жариялылық пен ізденімпаздықтың негізі пайда болады. Шығармашылық тапсырмалар оқу барысына үлкен мағына беріп, оқушыларды

ынталандырады. В.А.Сухомлинский: «Ойын кезінде балалар алдында әлем, дүние айқындалады, жеке тұлғаның шығармашылық қабілеті ашылады. Ойынсыз толық мәнді ақыл - ойдың дамуы болмайды, болуы мүмкін де емес» деген. Ойын - өз алдына оқыту үрдісі, жеткіншектерді еңбекке дайындаудың белсенді құралы. Ойын сабақтары түрлерін таңдап алу, оны жүргізу мұғалімнен үлкен шығармашылық ізденісті талап етеді.

Қоғамдағы өзгерістерге сәйкес оқушыларға бүгінгі таңда тиянақты білім беріп, танымдық қабілетін дамыту, танымдық белсенділігін арттыру үшін олардың әр пәнге қызығушылығын, өздігінен даму дағдыларын қалыптастыру, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу–мектептің басты міндеті. Сабақ барысында оқушының бойында танымдық белсенділік пайда болса, сонда оқушыларда ақыл-ой қабілеттерінің мынандай элементтері дамиды: зеректік, зейіндік, байқағыштық, ойлау мен сөйлеу дербестігі, қызығушылығы т.б.

Танымдық іс - әрекет оқушылардың негізгі іс - әрекеті болып табылатын күрделі үрдіс бола отырып, ол оқушы міндеттерінің шешіліп, мақсаткерлік, мотив, танымдық ақпаратты қабылдаудан бастап, күрделі шығармашылық үрдістің қалыптасуымен аяқталатын түрлі сезімдік көріністермен т. б. сипатталады. Бұл қызыға оқыту мен тәрбиелеу нәтижесінде қалыптасады. Оны қалыптастырудың негізгі жағдайлары:

- оқытудың мазмұны, ғылым мен техниканың соңғы табыстары, бұрыннан білетін мағлұматтың жаңа қырынан ашылуы;

- оқушылардың таным әрекетін ұйымдастыру формалары, құралдарын және әдістерін жетілдіру.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділігін және қызығушылығын арттыру үшін мұғалім келесі әдіс - тәсілдерді қолдануына болады.

Қорыта келгенде, келешек ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты. Осыған орай мектептегі оқу үдерісінде оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру, дамыту болашақта білімді өз бетінше жинап алу қабілеттерін дамытуда жетекші рөл атқарады және пәндерді оқыту барысында көзделетін білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыруда оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту және қалыптастыруда сабақта әртүрлі әдіс - тәсілдерді қолданудың тиімділігіне көз жеткізуге болады.

1. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары артады.

2. Оқушылардың танымдық белсенділіктері дамиды.

3. Осы шығармашылық тапсырмаларды пәндерге бейімдеп қолданудан, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы молаяды.

Ол үшін, жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысымызда пайдаланып, сонымен қатар оқушыларды мадақтап, ынталандырып отырған орынды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Дамыта оқыту технологиялары Б.АТұрғынбаева «Алматы», 2012ж

2. Қазақ тілі мен әдебиеті, Алматы №10 2008ж

«MENTOR» ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНАН «ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫНЫҢ

ТАЛАПТАР/ШАРТТАР

Авторлар қолжазбаларды мұқият тексеріп, түзетуі тиіс;

• автордың аты-жөнін (толық), ғылыми дәрежесін, атағын, қызметін, мекеменің толық атауын көрсету қажет;

• мақала авторының фотосуреті болуы шарт және өлшемі 3500*5500 пикселден (6х12 мм, 300 dpi кем емес) кем болмауы тиіс;

• мақалаға оның мәні мен идеясын айқындайтын сюжетті фотосуреттерді тіркеп жіберуге болады (сканирленген фотосуреттердің өлшемі 10х15 мм, 300 dpi кем емес);

• пайдаланған кестелер, диаграммалар, графиктерді, пайдаланылған бағдарламалардың (Word, Excel, PowerPoint және т.б.) бастапқы пішімінде материалға қоса тіркеу қажет;

• мақала көлемі атауы мен әдебиеттер тізімін қоскқанда 3 беттен аспауы қажет;

• мақаланы төмендегідей талаптарға сәйкес ресімдеу керек: Microsoft Word, кегль – 12 пункт, гарнитурасы - Times New Roman, парақ пішімі - А4, жиектері - 2 см, жоларалық интервал – жалаң, бірінші жол – 1, 25 см бос жер, азат жолға дейінгі және кейінгі интервал – 0 см;

ТРЕБОВАНИЯ/УСЛОВИЯ

Рукописи должны быть тщательно выверены и отредактированы авторами;

• необходимо указывать: фамилию, имя и отчество автора (полностью), учёную степень, звание, должность, полное название учреждения;

• фото автора статьи обязательно и должно иметь размеры не менее 3500*5500 пикселей (не менее 6х12 мм, 300 dpi), фото в статью не помещать;

• желательно сопроводить статью сюжетными фотографиями, которые будут отражать суть и идею статьи (размер отсканированных фото не менее 10х15 мм, 300 dpi);

• используемые таблицы, диаграммы, графики должны прилагаться к материалам в исходном формате используемых программ (Word, Excel, PowerPoint и др.);

• аннотация должна содержать только главную информацию статьи, не превышать объем 6 строк, выполняться на двух языках, отличающихся от языка статьи (пример: если статья написана на русском языке, то аннотация пишется на английском и казахском);

• максимальный объем статьи не более 3 страниц, включая название, список литературы;

• статью оформлять в соответствие с требованиями: Microsoft Word, кегль – 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, формат листа - А4, поля - 2 см, междустрочный интервал – одинарный, первая строка – отступ на 1, 25 см, интервал перед и после абзаца – 0 см;

Эл. почта: kalam2025@mail.ru